

Әкім челленджге қатысты
2-бет

Аймақтың қауіпсіздік архитектурасы
3-бет

Туризмді түлеткен өңір
5-бет

Қарағанды дикандары қапы қалған жоқ

Көктемгі дала науқаны саябыр тауып, алқапқа дән сіңген шақта елдің аграрлық саласының келешегі тағы бір мәрте Үкімет назарына ілікті. Солтүстік Қазақстан облысында өткен республикалық кеңесте Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектенов көктемгі егіс науқанының нәтижелерін саралап, агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға қатысты басым бағыттарды баса белгіледі. Келелі кенеске селекторлық режим арқылы Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен өңір аграршылары қатысты.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Ауыл шаруашылығы еліміздің экономикасындағы басым салалардың бірі болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев агроөнеркәсіптік кешеннің қарқынды дамуына ерекше көңіл бөліп келеді. Президент бұл саланың ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттырудағы, азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі және тұрақты экономикалық өсімді қалыптастырудағы маңызын үнемі атап өтеді, – деді Олжас Бектенов сөзінің басында.

Алқалы жиында агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін бірқатар маңызды мәселелер кеңінен сараланды. Әсіресе, еңбек өнімділігін арттыру, заманауи технологияларды енгізу арқылы ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін күшейту, шаруаларға көрсетілетін мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру бағыттарына ерекше назар аударылды. Сонымен қатар, ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мал ауруларының алдын алу және эпизоотиялық ахуалды тұрақты бақылауда ұстау мәселелері де күн тәртібіндегі өзекті тақырыптардың сап басына шықты.

Су ресурстарын тиімді әрі үнемді пайдалану, климаттық өзгерістер жағдайында егіншілік мәдениетін жетілдіру, суармалы жерлердің әлеуетін арттыру және табиғи



ресурстарды ұқыпты басқару бағытындағы міндеттер де жан-жақты қарастырылды. Үкімет басшысы агроөнеркәсіп кешенінің ел экономикасындағы стратегиялық маңызын ерекше атап өтіп, өңірлердің алдына қойылған міндеттерді сапалы орындау ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін арттырып қана қоймай, азықтүлік қауіпсіздігін нығайтуға, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға және саланың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге оң ықпал ететінін мәлім етті.

Жиын барысында өңірлердегі көктемгі дала жұмыстарының барысы мен нәтижелері сараланып, мемлекеттік қолдау шара-

ларының тиімділігі, ауыл шаруашылығын цифрландыру, жаңа өндірістік жобаларды іске асыру және инвестиция тарту мәселелері де кеңінен сөз болды. Бұл басым бағыттар ауыл шаруашылығын жаңғыртудың және елдің аграрлық әлеуетін арттырудың басты тетіктері ретінде бағаланды.

Айта кетелік, аймақта көктемгі дала науқаны белгіленген мерзімде және толық көлемде аяқталды. Биыл өңір дикандары әр гектар жердің мүмкіндігін ұтымды пайдаланып, егіс алқаптарының көлемін айтарлықтай ұлғайтты. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы дақылдары 1 миллион 231,2 мың гектар жерге егіліп, өткен жылмен салы-



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

стырғанда егіс көлемі шамамен 50 мың гектарға артқан. Бұл өңірдің аграрлық әлеуетінің нығайып келе жатқанын және ауыл шаруашылығы өндірісін кеңейтуге бағытталған жүйелі жұмыстың нақты нәтижесін көрсетеді. Көктемгі қарбалас барысында шаруалар қажетті ресурстармен дер кезінде қамтамасыз етіліп, мемлекеттік қолдау құралдарын тиімді пайдалана алды. Әсіресе, сапалы тұқым қорын қалыптастыруға, минералдық тыңайтқыштар көлемін ұлғайтуға және заманауи агротехнологияларды енгізуге басымдық берілді. Соның арқасында дала жұмыстары ұйымдасқан түрде жүргізіліп, болашақ өнімнің берік негізі қаланды.

Өңір аграршыларының айтуынша, мемлекеттік қолдау тетіктерінің қолжетімділігі шаруашылықтардың қаржылық мүмкіндігін кеңейтіп, егіс жұмыстарына тың серпін берген. Бұл өз кезегінде егіс алқаптарын ұлғайтып қана қоймай, өнімділікті арттыруға және ауыл шаруашылығы өндірісінің сапасын жақсартуға септескен. Қыр еңбеккерлері күзгі жиын-терін маусымынан мол нәтиже күтіп отыр.

«Шахтәреке» ЖШС-нің басшысы Георгий Прокоп қолданыстағы жеңілдетілген неселеу бағдарламалары шаруашылықтарға жаңа маусымға алдын ала дайындалуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

➤ 2-бет

• РЕСМИ

Балаға төнер тағы бір қауіп

Бүгінде онлайн-грумер дегендер шығыпты. Олар үйіңіздігі смартфон алданған балаларды арбаумен айналысады. Арбаудағы мақсаттары әртүрлі. Бұл – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ескертуі.

Әдетте балаңыз өз бөлмесінде сіз сыйлаған смартфоннен өзмен-өзі, қамсыз отырғандай көрінеді. Бірақ, балаңыз грумингтердің арбауына түсіп қалуы әбден ықтимал. Олар әлеуметтік желідегі паракшасы арқылы балаға түрлі рилес контенттер жіберіп, онымен жақын досы болып түрлі такырыптарда сөйлеседі, тіпті, сырласады. Сөйтіп, аңғал баланың әбден сеніміне кіреді. Онлайн-груминг дегеніміз – интернет арқылы балалармен сенімді қарым-қатынас орнату үшін қолданылатын қауіпті тәсіл.

Грумингтер балаңызды әлеуметтік желіде, мессенджерлерде оп-онай құрыққа түсіреді. Әсіресе, бүгінде балалардың басым көпшілігі қызығатын онлайн ойындарға өз торларын құрып қойған. Ойынның белгілі бір деңгейлерінде серіктес болып, көмектеседі. Сөйтіп, «жақын досына» айналады. Ішкі істер министрлігі мамандарының айтуынша, тіпті, ересектер баланың дауысын салып, оп-онай сөйлесе береді.

Грумер балаға күн сайын хабарласып, ерекше көңіл бөледі, оның жеке өміріне, уайымдарына, қызығушылықтарына назар аударады. Уақыт өткен сайын грумер өзіне нақты керек ақпараттарды сұрастыра бастайды. Мәселен, үйдің мекенжайы, ата-ананың жұмыста болатын уақыты, араласатын ортасы – қаскөйге ең керекті мәліметтер. Баланың сенімін қаскөй қерегіне қарай жаратады.

Ең қауіптісі – грумер екеуара орнаған тығыз байланыс туралы ешкімнің білмеуін талап етеді. Керек болса психологиялық қысым көрсетуден де тайынбайды екен.

Өз тілшімізден

Қоянды жәрмеңкесінің жаңғырығы

Кезінде Біржан сал мен Ақан сері ән шырқап, Майраның дауысы әуелеген, Қажымұқандай алыптар боз кілемді дүрлідеткен Қоянды жәрмеңкесінің рухы араға ғасыр салып, Қарқаралы төрінде қайта жаңғырды. Бір заманда тұтас даланың экономикалық әрі мәдени құрғамырына айналған сол тарихи жәрмеңкенің бүгінгі асқақ жаңғырығы іспетті «BaiQymuz-2026» этно-гастрофестивалі ұлттық дәм мен дәстүрді, ауыл еңбегі мен туризмді, өнер мен руханиятты бір арнаға түйістірді.

Арқаның інжу-маржаны атанған Қарқаралының қарағайлы баурайы бұл күні сары қымыздың құнарына, күмбірлеген күй мен әуелеген әнге, ат дүбірі мен ұлттық ойындардың делебе қоздырар думанына бөленді. Тұмса табиғат аясында ақ шаңқан киіз үйлер тігіліп, этноауыл еңсе көтерді. Қымыз толы күбі, қаз-қатар тігілген шаңырақ, қолөнер көрмесі, тарихи жәдігер, құмай тазы, бабы келіскен сәйгүлік, өнерпаздар әуені – бәрі де бағзы көшпенділер мәдениетінің бүгінгі жаңғырығындай ма дерсін. Ауылдағы адал еңбекті, қонақжайлық дәстүрді, туризмді және қазақы болмыстың терең тамырын бір арнаға тоғыстырған кен тынысты думан дүбірлеп өтті.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Этноауылдағы руханият кеністігі

Таң атысымен этноауылға айналған кең алаңға елдің әр өңірінен келген қонақтар ағылып, ұлттық дәмді ұлықтаған думанға күюгер болды. Бірі қымыздың бабын бай-

қауға, бірі қолөнер мен тарихи жәдігерді тамашалауға, енді бірі ұлттық ойындарды тамашалауға асықты.

Фестиваль облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бастамасымен, «BaiQymuz» бапталған қымыз ұлттық тағамдар гастрофестивалінің авторы Жұмажан Қалтаевтың ұйымдастыруымен өтті. Жобаның басты мақсаты да сол – қымызды көшпенділер өрке-



ниетінің айрықша сусыны ретінде дәріптеу, жылқы шаруашылығының дамуына серпін беру, ішкі және сыртқы туризмді ілгерілету, сондай-ақ, ұлттық құндылықтарды, қонақжайлық мәдениетін және тарихи мұраны насихаттау.

Фестивальдың ресми ашылу салтанатына облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Қазақстан Республи-

касы Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, ҚР Мәжілісінің депутаты Құдайберген Бексұлтанов, өңір тұрғындары мен қонақтары қатысты. Салтанат барысында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев пен Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хатта-

ры оқылып, ұлттық дәмді ұлықтаған бастамаға жоғары баға берілді.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев та өз сөзінде қымыздың ұлттық құндылық қана емес, экономиканың, және ұлттық брендтің маңызды бөлігіне айналып келе жатқанын атап өтті.

– Адамзат технология дамыған сайын табиғилықты іздейді. Сон-



дықтан, әлем органикалық өнімге, экологиялық таза танымға ерекше мән беріп отыр. Қазақ үшін мұның бәрі жаңалық емес. Өйткені, халқымыз табиғатпен үндес өмір сүрудің мәнін ежелден түсінген. Ал, сол табиғаттың мәні қымызда сақталған. Қазіргі таңда қымыз тек дәстүрдің ғана емес, заманауи экономиканың, гастротуризмнің және ұлттық брендтің біріне айналып келеді. Ұлан-байтақ даламызды қартадан ғана емес, қымыздың әр алуан дәмнен де танып білуге болады, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

«BaiQymuz-2026» этно-гастрофестивалі қорікті табиғат аясындағы «Qaqaraly go» этнолагері аумағында өтті. Қарағайлы бел, саф ауа, тау баурайындағы кең жазық, ұлттық нақышта тігілген киіз үйлер. Этнолагер жұмысын көсіпкерлер Бақтияр Құсайынов пен Ермек Төлеубаев қолға алған. Балаларға ұлттық құндылықтарды табиғи ортада танытуды көздейтін бұл жоба 19 маусымнан бастап, толық жұмысын бастамақ.

➤ 8-бет

Қарағанды диқандары қапы қалған жоқ



(Соңы. Басы 1-бетте)

– Бұрын біз несие тек көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін алатынбыз. Қазір «Кең дала» бағдарламасы аясында қаражат күзден бастап алып, тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын және техниканы алдын ала сатып алуға мүмкіндік бар. Оның үстіне несие жылдық 5 пайыздық мөлшерлеменен беріледі. Бұл – ауыл енбек-

керлері үшін өте тиімді әрі үлкен қолдау, – деді Георгий Прокоп.

Ал, Қазақстан фермерлер одағының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Игорь Жабяк ауыл шаруашылығы саласы таяу жылдары ел экономикасының басты қозғаушы күштерінің біріне айналуға тиіс деп санайды. Оның пікірінше, агроөнеркәсіп кешені бүгінде тек азықтүлік өндіретін сала ғана емес, жаңа технологиялар

мен инвестицияларды тартатын, ауылдық аумақтардың дамуына серпін беретін стратегиялық бағытқа айналып келеді.

Иә, облыста соңғы жылдары өсімдік және мал шаруашылығы қатар дамып, өндіріс көлемі тұрақты өсім көрсетуде. Егіс алқаптарының ұлғаюы, заманауи техникалардың жаңартылуы және мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі аграрлық сектордың әлеуетін арттыруға мол мүмкіндік беріп отыр. Мұнымен бірге өңір шаруашылықтарында цифрлық технологиялар мен автоматтандырылған басқару жүйелерін енгізу қарқыны күшейген. Бүгінде ауыл шаруашылығы өндірісінде нақты егіншілік элементтері, цифрлық мониторинг, мал басын электронды есепке алу және өндірістік процестерді қашықтан басқару секілді заманауи шешімдер кеңінен қолданылуда. Аталған үрдіс әсіресе өңірде іске қосылып жатқан жаңа сүт-тауар фермаларының жұмысынан айқын байқалады.

Еңбек – ел ертеңіне салынған инвестиция. Сондықтан, аграрлық секторды жаңғырту жолындағы әрбір қадам, әрбір бастама және әрбір жетістік аймақтың орнықты дамуына бастайтын үлкен жолдың бір бөлігі. Ал, сол жолдың байсалды бағдарын Мемлекет басшысы айқындап берген міндеттер мен ұлттық мүдде белгілеп отыр.

Суреттер

облыс әкімдігінің сайтынан

Жаңа кокс зауыты бой көтереді

Қазақстан Үкіметі Қарағанды облысында металлургиялық кокс өндіретін зауыт салу жөніндегі инвестициялық келісімді мақұлдады. Келісім Энергетика министрлігі мен «Kazakhstan Success Coking Energy» ЖШС арасында жасалған. Тиісті қаулыға Премьер-Министр Олжас Бектенов қол қойды. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады.

Жаңа кәсіпорын Қарағанды облысының Абай ауданындағы Дубовка кентінде салынады. Зауыттың жылдық өндірістік қуаты 1 миллион тоннаға дейін металлургиялық кокс шығаруға мүмкіндік береді. Жобаны жүзеге асыруға 63,5 млрд теңге көлемінде жеке инвестиция тартылмақ. Кәсіпорын іске қосылғаннан кейін 500-ге дейін тұрақты жұмыс орны ашылады. Сонымен

қатар, жерасты шахтасын салу кезеңінде тағы 500 адам жұмыспен қамтылады.

Үкімет баспасөз қызметінің мәліметінше, көмір-химия өнімдері энергетика, ауыл шаруашылығы, металлургия, фармацевтика және басқа да салаларда кеңінен қолданылады. Жоба металлургиялық кокс бойынша импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді. Ішкі нарықтың суранысы толық қамтамасыз етілгеннен кейін өнімнің артық көлемі экспортқа шығарылады.

Өндірісті іске қосу 2029 жылға жоспарланған. Алғашқы кезеңде зауыт жылына 500 мың тоннаға дейін кокс өндіреді. 2031 жылдың соңына қарай кәсіпорын толық жобалық қуатына шығып, жыл сайын шамамен 1 миллион тонна металлургиялық кокс өндіруді көздеп отыр.

Сондай-ақ, инвестор құрылыс барысында отандық өндірушілердің тауарла-



ӨНІРЛЕРДІ ДАМУЫ

ры мен қызметтерін басымдықпен пайдалануға міндеттенді. Бұл қазақстандық жеткізушілердің жүктемесін арттырып, жобаға байланысты салалардың дамуына оң әсер етеді деп күтілуде. Айта кетейік, «Kazakhstan Success Coking Energy» ЖШС 2025 жылдың қараша айында Астанада тіркелген. Компанияның алғашқы басшысы ретінде Цзинь Шэн көрсетілген.

Айша ҒАНИ

Қалыпты қозғалыс кепілі

Облыс аумағында жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытындағы жұмыстар биыл бұрынғыдан да ауқымды сипат алды. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өткізген аппараттық кеңесте аймақтағы автомобиль жолдарының жай-күйі, жөндеу және қайта жаңғырту жобаларының орындалу барысы жан-жақты қаралды. Кеңес барысында жауапты басқармалар мен ұйымдардың басшылары атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндама жасап, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аппараттық кеңесте жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мақсат Мұқашев облыстағы жол жөндеу жұмыстары туралы баяндады.

Оның айтуынша, биыл Қарағанды облысында жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының 493 шақырымы жөндеу жұмыстарымен қамтылған. Оның ішінде, 190 шақырымы республикалық маңызы бар жолдарға, 90 шақырымы облыстық маңызы бар жолдарға және 213 шақырымы қалалар мен аудандардың жол желілеріне тиесілі.

Өңірдегі маңызды жобаның бірі – ұзындығы 19 шақырымды құрайтын «Саран-Шахтинск» автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмыстары. Қазіргі уақытта жобаның негізгі көлемі орындалған. Жол құрылысын толық аяқтау осы жылға жоспарланған отыр.

Сонымен бірге, «Саран-Шахтинск» және «Осакаровка-Есіл» бағыттарындағы көпірлерді қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Барлық жұмыстар бекітілген өндірістік кестеге сәйкес атқарылып жатыр.

Дерекке сүйенсек, биыл облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының 84 шақырымы орташа жөндеуде. Бұл жұмыстар 13 жол учаскесін қамтиды.

Барлық нысандарда екі қабатты асфальтбетон төсемі төселеді. Мамандардың айтуынша, мұндай технология жолдардың ұзақ мерзімділігі мен беріктігін арттырып, елді мекендер арасындағы көлік қатынасының сапасын едәуір жақсартады.

Сондай-ақ, Саран қаласының индустриялық аймағын республикалық маңызы бар «Қарағанды-Астана» автожолымен байланыстыратын жолды қайта жаңғыр-

ту жобасы жалғасуда. Қазір аталған жоба бойынша жобалық-сметалық құжаттама мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алған.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында да кешенді шаралар қолға алынған. Атап айтқанда, қар тоқтатқыш қоршаулар орнату, жол қозғалысын бақылаудың заманауи жүйелерін енгізу және жаяу жүргіншілер өткелдерін жарықтандыру жұмыстары жүргізілуде.

Бұдан бөлек, автомобиль жолдарының



бойын қолдандыру және қоршаған ортаның экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған жобалар да жалғасып келеді.

Ауылдық аумақтардың инфрақұрылымын дамыту мақсатында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында облыстың бірнеше ауылдық елді мекендерінде ішкі жолдарды жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Бұл жобалар ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға, ауылдар арасындағы көлік қатынасын жақсар-



ше бақылауда болуы керектігін атап өтті.

– Биыл облыста жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша айтарлықтай жұмыстар жоспарланған. Сондықтан, қала және аудан әкімдері, сондай-ақ барлық жауапты ұйымдар бұл мәселені ерекше бақылауда ұстауы қажет. Автожол жобаларын уақытылы іске асыру мақсатында күн сайын мониторинг жүргізіліп, құрылыс материалдарының сапасы тұрақты тексерілуі тиіс. Объектілер тек Сапа орталығының оң қорытындысы болған жағдайда ғана пайдалануға берілуі керек. Сонымен қатар, жол бойындағы тазалық мәселесі де назардан тыс қалмауы қажет, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі бұл бағыттағы жұмыстарды үйлестіруді облыс әкімінің орынбасары Азамат Тайжановқа тапсырды.

Кеңесте «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы облыстық филиалының директоры Думан Қалабиєв республикалық маңызы бар жолдардағы жұмыстар жөнінде кеңінен айтты.

Бүгінде облыстағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдары 1 930 шақырымды құрайды. Оның ішінде, 163 шақырымы ақыл жолдар болса, 1 767 шақырымы мемлекеттік тапсырма аясында күтіп ұсталады.

Биыл республикалық маңызы бар

Әкім челлендждге қатысты

КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңір басшысы эстафетаны Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаровтан қабылдады. Челленджд шарты бойынша қатысушылар өздеріне ұнаған кітап туралы пікір білдіруі керек. Тиісінше эстафетаны келесі қатысушыға жолдайды.

Ермағанбет Бөлекпаев халық назарына Клаус Швабтың «Төртінші өнеркәсіптік революция» кітабын ұсынды.

– Бүгінде технологиялар қарқынды дамып, ақпарат ағыны үздіксіз өсіп жатқан кезеңде кітаптың адам өміріндегі маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Кітап ойды жүйелеуге көмектеседі, дүниетанымды кеңейтеді және үнемі жаңа білімге ұмтылуға баулиды. Бұған оқу мәдениетін дамытуға және зияткер ұлт қалыптастыруға бағытталған Мемлекет басшысының бастамасы да дәлел. Сондықтан кітап оқу әр азаматтың рухани әрі кәсіби дамуының маңызды бөлігі болуы тиіс, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыс әкімінің айтуынша, «Төртінші өнеркәсіптік революция» кітабы заманауи технологиялардың қоғам мен экономика-ның дамуына қалай әсер ететінін тереңірек танытуға мүмкіндік береді.

– Автор жаңа технологиялар мен жанды интеллект дәуірінде әлемнің қалай өзгеріп жатқанын жан-жақты талдап, болашақтың басты капиталы табиғи ресурстар емес, білім мен адами әлеует екенін көрсетеді. Бұл ой – өнеркәсібі дамыған Қарағанды облысы үшін ерекше өзекті. Себебі, кез келген өзгерістің негізінде әрдайым білімді, бастамашыл әрі бәсекеге қабілетті адам тұрады, – деп атап өтті аймақ басшысы.

Еске сала кетейік, Қарағанды облысы елімізде алғаш болып «Кітап оқитын ұлт» пилоттық жобасы жүзеге асырылған өңір атанды. Бастамаға шамамен 70 мың адам қолдау білдірген.

Ермағанбет Бөлекпаев эстафетаны шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағановқа жолдады.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

жолдарда үш ірі нысанды күрделі жөндеу жоспарланған. Олар – «Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Шідерті» автомобиль жолындағы теміржол үсті өткелі, «Қарағанды-Аяғөз-Тарбағатай-Бұғаз» автомобиль жолындағы Шілі өзені арқылы өтетін көпір, «Қалқаман-Баянауыл-Үміткер-Ботақара» автомобиль жолының Шат өзені үстіндегі көпір.

Бүгінде аталған жобалар бойынша мердігер ұйымдар анықталып, құрылыс-монтаж жұмыстары басталған. Жобаларды толық іске асыру мерзімі 2026-2027 жылдарға жоспарланған.

Сонымен қатар, ұзындығы 95 шақырым болатын «Ақшатау-Ақадыр-Ортау» автомобиль жолын күрделі жөндеу жобасы бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде.

Орташа жөндеу бағдарламасы аясында биыл жалпы ұзындығы 280 шақырым болатын тоғыз жол учаскесін жаңарту көзделген.

Сонымен қатар, «Астана-Қарағанды» (айналма жол арқылы) – Алматы автожолының бір бөлігінде жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға бағытталған жұмыстар қолға алынған. Оның ішінде жол жабынындағы ақауларды жою, қар тоқтатқыш құрылғылар мен қорғаныш қоршауларын орнату шаралары қарастырылған.

Думан Қалабиєвтің айтуынша, жоспарланған жұмыстар толық орындалған жағдайда 2026 жылдың қорытындысы бойынша облыстағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының нормативтік жағдайдағы үлесі 93 пайызға дейін жетеді.

Бұл көрсеткіш өңірдің көлік-логистикалық әлеуетін арттырып қана қоймай, тұрғындардың қауіпсіз әрі жайлы қатына-уына мүмкіндік береді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Аймақтың қауіпсіздік архитектурасы



Түнгі сағат 04:17. Қарағанды көшелерінің бірі әдеттегідей тыныш. Сирек өткен көліктер мен шам жарығына малынған бос жолдар ғана көзге түседі. Дәл осы сәтте қаладағы бейнебақылау камераларының бірі күмән тудырған көлікті тіркейді. Жүйе оны бірден назарға алады. Бірнеше секундтан кейін көліктің мемлекеттік тіркеу нөмірі деректер базасымен салыстырылады. Алгоритм сәйкестікті анықтайды. Көлік іздеуде жүргендердің тізімінде бар. Ақпарат автоматты түрде Жедел басқару орталығына жіберіледі. Экран алдында отырған оператор үшін бұл жай ғана кадр емес. Бір қарағанда бұл ғылыми-фантастикалық фильмнің көрінісіне ұқсайды. Алайда, бүгінде мұндай сценарий Қарағанды облысындағы қоғамдық қауіпсіздік жүйесінің күнделікті жұмысына айналған. Соңғы жылдары өңірде енгізілген цифрлық технологиялар қылмысқа әрекет ету тәсілін ғана емес, оның алдын алу мүмкіндіктерін де түбегейлі өзгертті. Егер бұрын полиция қылмыс жасалғаннан кейін іске кіріссе, бүгінде қауіптің алғашқы белгілерін анықтап, жедел әрекет етуге мүмкіндік беретін жаңа кезең басталды.

Қаланың цифрлық жүйке жүйесі

Мұның себебі де түсінікті. Соңғы он жылдықта қауіпсіздік ұғымының өзі де өзгерді. Бұрын қоғамдық тәртіп көшедегі полиция қызметкерлерінің санымен өлшенсе, бүгін ол деректердің жылдамдығымен, технологиялардың тиімділігімен және ақпараттық жүйелердің мүмкіндігімен бағаланады.

Қылмыс та өзгерді. Интернет-алаяқтық, цифрлық қаржы қылмыстары, жалған аккаунттар, анонимді байланыс арналары мен жаңа технологияларды пайдаланатын ұйымдасқан қылмыстық топтар құқық қорғау жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Мұндай жағдайда полиция қызметі де бұрынғы тәсілдермен шектеле алмайды.

Сондықтан, Қарағанды облысында соңғы жылдары цифрлық қауіпсіздікке негізделген жаңа модель қалыптасып келеді. Оның негізінде мыңдаған бейнекамера, бейнеаналитика жүйелері, жасанды интеллект элементтері, деректерді өңдеу платформалары және заманауи криминалистикалық технологиялар жатыр. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – қылмысқа әрекет ету емес, оның алдын алу.

Облыстық полиция департаменті Жедел басқару орталығының аға инспекторы, полиция майоры Қарлығаш Жүнісованың мәліметінше, бүгінде Қарағанды облысының қауіпсіздік инфрақұрылымы 45 806 бейнебақылау камерасын біріктіреді. Оның ішінде 23 542 камера Жедел басқару орталығына тікелей қосылған. Бір қарағанда бұл жай ғана статистика сияқты көрінуі мүмкін. Алайда, осы көрсеткіштердің ту сыртында өңірдің қауіпсіздік архитектурасы тұр. Көшелердегі, ауалардағы, әлеуметтік нысандардағы және қоғамдық орындардағы камералар тәулік бойы ақпа-

рат жинайды. Бұл ақпарат Жедел басқару орталығына түсіп, өңделі және қажет болған жағдайда жедел әрекет ету қызметтеріне жолданады.

Қазіргі жүйенің басты артықшылығы – ақпарат алмасудың жеделдігі. Бүгінде Жедел басқару орталығы тек бақылаушы қызмет атқармайды. Ол қауіпсіздік саласындағы барлық ақпараттық ағындардың тоғысқан нүктесіне айналған. Орталықтың қарамағындағы 312 жоғары сапалы камерадан бөлек, мәдениет мекемелеріндегі, спорт ұйымдарындағы, білім беру нысандарындағы және басқа да әлеуметтік объектілердегі бейнебақылау жүйелері ортақ желіге біріктірілген. Сарапшылар мұндай құрылымды қаланың «цифрлық жүйке жүйесі» деп атайды. Себебі, адам ағзасындағы жүйке талшықтары секілді бұл жүйе де ақпаратты үздіксіз қабылдап, өңдеп және қажетті нүктеге жеткізеді. Қауіпсіздік саласындағы жаңа тәсілдің ерекшелігі де осында. Бұрын полиция оқиға болғаннан кейін әрекет етсе, бүгінгі технологиялар қауіптің алғашқы белгілерін ерте-рек анықтауға мүмкіндік береді, – дейді Қарлығаш Жүнісова.

Биометрия функциясымен

26 қылмыскер ұсталды

Қазіргі заманғы қауіпсіздік жүйесінің ең маңызды элементінің бірі – бейнеаналитика. Қарағанды облысында іске асырылған «Бүлгіт бейнебақылау» жобасы осы бағыттағы маңызды қадамның бірі саналады. Шахтинск, Шахан және Новолинский елдімекендерін қамтыған жоба аясында қосымша 327 камера орнатылған. Алайда, мәселе камера санында ғана емес.

– Бүгінгі интеллектуалды жүйелер бейнені жай ғана жазып қоймайды. Олар ақпаратты сараптайды. Мысалы, жүйе мем-



Сурет ЖИ

лекеттік тіркеу нөмірі арқылы іздеудегі көліктерді автоматты түрде анықтайды. Егер көлік құқық қорғау органдарының іздеу базасында болса, бағдарлама бұл туралы бірден хабар береді. Сол сияқты биометриялық функциясы бар 85 интеллектуалды камера адамдарды тану технологиясын пайдаланады. Олар көпшілік арасынан іздеуде жүрген азаматтарды анықтауға мүмкіндік береді. Бұны жылдың алғашқы бес айында осындай жүйелердің көмегімен 26 қылмыскер ұсталды. Сонымен қатар, хабар-ошарсыз кеткен 75 адамның жүрген жері анықталды. Бейнеаналитика арқылы 93 қылмыс ашылып, 9 677 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелген. Бұл көрсеткіштер цифрлық технологиялардың құқық қорғау қызметіндегі нақты нәтижесін көрсетеді, – дейді полиция майоры.

Дегенмен, мамандар бір мәселеге ерекше назар аударады. Ол – жасанды интеллекттің шешім қабылдамайтындығы. ЖИ тек адамның назарынан тыс қалуы мүмкін ақпаратты жылдам анықтайды. Соңғы шешім адамда. Сондықтан, бүгінгі қауіпсіздік жүйесі «адам немесе технология» қағидатына емес, «адам және технология» қағидатына негізделген.

Қылмысты ғылым ашады

Егер бейнеаналитика қылмыстың алдын алуға көмектесе, криминалистика оны дәлелдеуге көмектеседі. Қазіргі криминалистика бұрынғыдай саусақ ізін алумен ғана шектелмейді. Бұл – физика, химия, биология және

ақпараттық технологияларды біріктіретін күрделі ғылыми сала. Облыстық полиция департаментінің Жедел-криминалистикалық басқармасында қолданылатын құралдар – соның айқын дәлелі. Жедел-криминалистикалық басқармасының криминалистика Аида Жүсіпованың айтуынша, қазіргі таңда мамандар арнайы «Crime-lite Auto» жарық кешенін пайдаланады. Бұл құрылғы жай көзге көрінбейтін биологиялық іздерді анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, басқарма мамандары ұшқышсыз ұшу аппараттарын пайдаланады. Дрондар үлкен аумақтарды зерттеуге, оқиға орнын жоғары дәлдікпен тіркеуге және іздеу жұмыстарын жүргізуге көмектеседі. Георадарлар жер астында жасырылған объектілерді анықтай алады. Ал, металл іздегіштер қылмыс құралдарын табуға тиімді қолданылады. Соңғы жылдары енгізілген маңызды технологияның бірі – «PolyFace» жүйесі. Бағдарлама адамның бет әлпетін талдау арқылы тұлғаны сәйкестендіруге көмектеседі. Дегенмен, мамандар технология мүмкіндігін асыра бағалауға болмайтынын айтады. Өйткені, сот тәжірибесінде адамның жеке басы бір ғана белгі бойынша анықталмайды. Сарапшылар адамның бойын, дене бітімін, жүрісін, қозғалыс мәнөрін, қол қимылдарын, киім ерекшеліктерін және басқа да көптеген белгілерді кешенді түрде зерттейді.

– Бұл жерде технология дәлелдемесі емес. Ол – дәлелдемелерді жинауға көмектесетін құрал. Жол-көлік оқиғаларын тергеу кезінде

бейнежазбалар мен материалдық іздерді кешенді зерттеуге өте жоғары нәтиже көрсетеді. ЖБО камералары көлік құралының қозғалыс бағытын, уақытын, түсін, маркасын және басқа да ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқиға орнында қалған көлік-шина іздері, көлік бөлшектерінің сынықтары, бояу қабаттарының бөлшектері және басқа да материалдық дәлелдемелер криминалистикалық зерттеуге қажетті. Мамандар бұл объектілерді іздегізіліп жатқан көлік құралымен салыстырып, олардың шығу тегін анықтайды. Бейнежазбадағы уақыт көрсеткіштері, көліктің қозғалыс траекториясы, соқтығысу сәті және физикалық іздердің орналасуы өзара салыстырылады. Осындай кешенді талдау нәтижесінде оқиғаның толық механизмі қалпына келтіріледі. Айта кету қажет, сот тәжірибесінде «бұлтартпас дәлел» ұғымынан гөрі дәлелдемелердің жеткіліктілігі мен өзара сәйкестігі қағидаты қолданылады. Сондықтан, бейне-материалдар мен материалдық іздердің жиынтығы объективті және ғылыми негізделген дәлелдемелік база қалыптастыруға мүмкіндік береді, – дейді Аида Жүсіпова.

Бостандық шекарасы

Цифрлық технологиялар дамыған сайын әлемнің көптеген елінде бір сұрақ жиі қойыла бастады. Қауіпсіздік пен жеке өмірдің шекарасы қай жерде аяқталады?

Бұл мәселе Қазақстан үшін де өзекті. Қоғамда камералардың көбеюі мен адамдарды тану техно-

пікірталастар жиі кездеседі. Сарапшылардың пікірінше, кез келген цифрлық бақылау жүйесінің тиімділігі оның техникалық мүмкіндігіне ғана емес, заң аясында қолданылуына байланысты. Қарлығаш Жүнісованың мәліметінше, Жедел басқару орталығындағы бейнежазбалар 30 күн ғана сақталады. Оларға қол жеткізу нақты құқықтық негіз болған жағдайда ғана мүмкін. Бейнемастерлер жеке тұлғаларға берілмейді. Олар тек соттың, тергеушінің немесе адвокаттың ресми сұранысы негізінде ұсынылады.

Бұл талаптар азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауға бағытталған. Өйткені, технология қаншалықты дамығанымен, оған деген қоғамдық сенім болмаса, оның тиімділігі де шектеулі болады. Цифрлық қауіпсіздік мәселесінде техника мен құқықтың тепе-теңдігі ерекше маңызды.

Түйін

Цифрландыру дәуірінде қоғамдық қауіпсіздік ұғымы жаңа мазмұнға ие болып отыр. Бүгінде қылмыспен күрес тек полиция қызметкерлерінің жедел әрекетіне ғана емес, ақпараттық жүйелердің жылдамдығына, бейнеаналитиканың дәлдігіне және заманауи технологиялардың мүмкіндігіне де тәуелді. Қарағанды облысында қалыптасып жатқан цифрлық қауіпсіздік моделі осы өзгерістердің нақты көрінісі саналады.

Бейнебақылау жүйелері, жасанды интеллект элементтері мен заманауи криминалистикалық құралдар құқық қорғау органдарының жұмысын жаңа деңгейге көтеріп, қылмыстың алдын алу мен оны ашу тиімділігін арттырды. Алайда, технология қаншалықты дамығанымен, оның басты мақсаты адамды алмастыру емес, оның мүмкіндігін кеңейту болып қала береді.

Ең маңыздысы – қауіпсіздік пен азаматтардың құқықтары арасындағы тепе-теңдікті сақтау. Себебі, кез келген цифрлық жүйенің тиімділігі тек техникалық мүмкіндігімен емес, қоғамның оған деген сенімімен өлшенеді. Қарағанды тәжірибесі көрсеткендей, қылмыспен күрестің бөлашағы цифрлық технологиялармен тығыз байланысты. Бұл – қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жаңа кезеңі. Ал, сол кезеңде басты құндылық өзгермейді. Технология қанша жерден дамыса да, оның түпкі мақсаты – адам қауіпсіздігін қорғау.

Аяулым ЖАНАТОВА

Сарбаздар сап құрап...

Биыл Қарағанды қаласында еңбек жасағанда 14 пен 35 жас аралығындағы 2 мың жас жұмыспен қамтылады. Жұмысқа қабылдау кезінде халықтың әлеуметтік осал санаттарына жататын жастарға басымдық беріледі. Жаңа маусымда жас сарбаздары қаланың саябақтары мен скверлерін күтіп-баптау, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарына атсалысады. Сонымен қатар, аула аумақтарын көркейту жұмыстарымен айналысатын арнайы «Эко-патруль» жасағы да құрылған. Күні кеше Қарағанды қаласындағы Орталық мәдениет және демалыс саябағында жастар еңбек жасақтарының XXII еңбек маусымының салтанатты ашылуы өтті.



депутаты Сұлтан Шәймағанбет. Жоба аясында 150 адамнан тұратын инклюзивті жасақ құру жоспарланған. Бұл бастама ерекше қажеттіліктері бар жастардың қоғамдық пайдалы жұмыстарға белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Еңбек процесінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында биыл жасақтардың жұмысында QR-код арқылы жұмыс уақытын есепке алу жүйесі енгізілген.

Мерекелік кеш концерттік бағдарламамен жалғасты. Көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлаған шарада кештің хедлайнері Уәлип, арнайы қонақ Қайрат Түптеков және өзге де талантты өнерпаздар өнер көрсетті. «Жасыл ел» еңбек жасақтарының дәстүрлі еңбек маусымының

ашылуы жыл сайын салтанатты түрде өткізіледі. Бұл іс-шара республиканың барлық өңірлерінде ұйымдастырылғанымен, Қарағанды облысында ол ерекше ауқымда өтеді. Жаз мезгіліндегі бұл мереке тек «Жасыл ел» жасақтары үшін ғана емес, сонымен қатар, қала тұрғындары мен қонақтарына арналған үлкен мәдени-танымдық шараға айналған. Жоба 2005 жылдан бері жүзеге асырылып келеді ал, осы жылы 22-ші еңбек маусымы ашылды. Ең ауқымды қамту көрсеткіші де Қарағанды облысында тіркелген: Қарағанды қаласында 2000-ға жуық жас ал, Теміртау қаласында 1000-ға жуық қатысушы еңбек жасақтарына тартылған.

«Жасыл ел» еңбек жасақтары-



ның қатысушысы, М.Жұмабаев атындағы №39 мектеп оқушысы Бейбіт Әділеттің айтуынша, жазғы демалысты тиімді өткізуге мүмкіндік береді. Оның пікірінше, бұл жұмыс табыс табуға ғана емес, еңбек дағдыларын қалыптастыруға да көмектеседі.

– Маған осы жұмыс ұнайды. Өйткені, біз секілді көптеген жастар жұмыс іздеп, уақытын текке өткізеді. Сол себепті осындай жобалардың жақсылығы көп, – деді ол.

Еңбекке қатысушыларға қарай белгіленеді. 14-16 жастағы қатысушылар күніне 4 сағат жұмыс істеп, айына шамамен 85 мың теңге алады. Ал, 16 жастан асқандар 6 сағат жұмыс істеп, 127 500 теңгеге дейін жалақы алады.

«Жасыл ел» аясындағы іс-шаралар жылына екі рет – еңбек маусымының ашылуы және жабылуы кезеңінде өткізіледі. Жоба алдағы уақытта да жастарды қолдау мен олардың еңбек белсенділігін арттыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыра бермек.

Еркеайым АТЫҚАНОВА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті
Сурет автордан

• ФЕСТИВАЛЬ

Табиғаттың тамыры – тазалықта

Қарағанды қаласында өткен «TAZA AIMAQ» экологиялық фестивалі «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай ұйымдастырылды.

Мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан экологиялық бағдарламалар мен акциялар халықтың табиғатты қорғау ісіне белсенді қатысуына үлкен мүмкіндік. Осы тұрғыдан алғанда «TAZA AIMAQ» фестивалі – қоғам мен билік арасындағы көпір.

Фестиваль бағдарламасы дәстүрлі концерттік форматпен шектелмей, интерактивті алаңдарды, дәрістерді, көрмелер мен экологиялық ойындарды қамтыды.

– Бұл – бір күндік іс-шара ғана емес, ауқымды экологиялық жобаның қорытынды кезеңі. Фестивальге дейін мектептерде экологиялық сабақтар, колледждерде түсіндіру кездесулері өткізілді. Ал, бүгінгі шара – облыс жастарының басын қосқан үлкен экологиялық алаң. Фестиваль аумағында 15 тақырыптық аймақ бар. Шатырларда әртүрлі бағыттағы шеберлік сағаттары ұйымдастырылып, пластик қалдықтарын қайта өңдеу және олардан жаңа өнім жасау жолдары көрсетілді, – деді Қарағанды облысы Жастар ре-

суреттік орталығы директорының орынбасары Ардана Мырзанаева.

Биология ғылымдарының докторы Әлібек Рамазанов, эко-белсенді Сәкен Келдібаев, эко-тренер Дамир Каримов және басқа да сарапшылар экологияның әртүрлі аспектілеріне тоқталды.

Фестиваль барысында экология мен кәсіпкерлікті ұштастырған жобалар да таныстырылды. «Атамекен» грантының иегері Гүлпахат Құттыбаеваның қой және түйе жүнін өңдеу өндірісі экологиялық әрі экономикалық тиімді бастамалардың үлгісі болды. Сонымен қатар, ансайклинг бағытын дамытып жүрген Галина Кривештің тәжірибесі пайдаланылған заттарға екінші өмір сыйлау мәдениетін насихаттады.

Фестиваль қатысушылардың бірі Мадина Сәкенова шаралардан жүннен жасалған түрлі сәндік және тұрмыстық бұйымдарын, ұлттық орнаментпен безендірілген әшекейлерін ұсынды.

«Фестивальде экология, шығармашылық және ұлттық мәдениет бір арнада тоғысқан. Өз бұйымдарымды таныстырып қана қоймай, келушілермен пікір алмасуға мүмкіндік алдым. Әсіресе, жастардың қызығушылығы қуантты», – дейді колонер шебері.

Диляра ЖАНБЫРБАЕВА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

• «БІР АУЫЛ – БІР ӨНІМ»

Өндірісті өлкенің өнімі

Бүгінде Қарағандының өз бренді бар. Сол брендті қалыптастыруға «Бір ауыл – бір өнім» жобасының үлесі зор. Жыл сайын ұйымдастырылатын көрмеге биыл да облыстың әр өңірінен 50-ге жуық кәсіпкер қатысып, өз өнімдерін тұрғындарға таныстырды. Жоба ауыл кәсіпкерлігін қолдау мен өнірлік брендтерді дамытуды көздейді. Көрме аясында жергілікті шикізаттан өндірілген тауарлар насихатталып, ауыл кәсіпкерлерінің әлеуетін арттыруға басымдық берілді.

Жоба облысымызда бірнеше жылдан бері табысты жүзеге асырылып келеді. Осы уақыт ішінде көрмелерге өндіріс 100-ден астам өнім өндіруші қатысып, 10 кәсіпкер жеңімпаз атанса, олардың алтауы – мемлекеттік грант иегері болды. Бүгінде жоба қатысушыларының өнімдері өнірлік нарықпен ғана шектелмей, республикалық және халықаралық деңгейде танылып келеді.

Көрме талабы бойынша, өнім жергілікті шикізаттан өндірілуі тиіс. Өнімді дайындау кезінде елеулі қаржылық шығындарды талап етпейтін күрделі, қарапайым құралдар мен тетіктер пайдаланылуы керек. Өнім мүмкіндігінше өндірілетін аумақтың өнірлік ерекшелігін, өнім құрамында қауіпті немесе зиянды заттардың болмауын көрсетуі қажет.

Туған жердің тарихы мен мәдениетін, ауыл еңбеккерлерінің маңдай тері мен таланттың нәтижесін көрсеткен рухани кездесуге келген қонақтар табиғи өнімдердің дәмін татып, колөнер шеберлерінің туындыларын тамашалап, ұлттық нақыштағы бұйымдармен танысты.

Көрмеде табиғи бал өнімдері, сүттен дайындалған тағамдар, ұлттық тағам түрлері, қолдан жасалған сәндік бұйымдар, керамика, киіз және былғары өнімдері, этностильдегі әшекейлер мен тұрмыстық заттар ұсынылды.

– Біз Қарқаралы ауданынан келдік. Сүт өнімін шығаратын шаруашылықпен айналысып жатқанымызға биыл 7 жыл. Кәсібіміз



– сүт өнімдері. Снырлар, атап айтқанда асыл тұқымды, чеховтық, симментал снырлар. Оның шикізатын өзіміз өңдеп, өнімін жасаймыз. Әйелім құрт, ірімшік дайындайды. Одан кейінгі өніміміз – қымыз, бие байлаймыз. Бұл өнім дүкендерге таратылады, – дейді көрмеге қатысушы Әділ Аманжолұлы.

Жобаның негізгі ерекшелігі – өнімнің жергілікті шикізаттан дайындалуы. Бұл ауылдағы та-

биғи ресурстарды тиімді пайдаланып, өнірлік брендтерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жоба ауыл кәсіпкерлеріне өз өнімдерін кеңінен таныстыруға, жаңа серіктестер табуға және бизнестерін дамытуға жол ашады.

– Мен қазіргі таңда Қарағанды облысы, «Жәдігер» колөнершілер қауымдастығының жетекшісімін. Менің қол астыма 350-ге жуық колөнерші бар. Осы «Атамекен» кәсіпкерлерді қолдау палатасымен

жылда «Бір ауыл – бір өнім» жобасына колөнершілерім қатысады. Өзіміздің шаруашылығымыз бар. Қаққан анның, үйіміздегі мал-жануарлардың терісін илеп, бұйымдар жасап, соны әрі қарай дамытпақшымыз. «Қарағанды облысындағы колөнермен айналысатын бір өнеркәсіпті неге ашпаймыз?» деген ұсынысты айтқым келеді, – дейді көрмеге қатысушы Перизат Құлымбетова.

Бүгінде жоба Қазақстанның көптеген өңірінде жүзеге асырылып келеді. Оның мақсаты – ауылдық жерлердегі шағын және орта бизнесті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу және жергілікті өнімдерді ішкі әрі сыртқы нарыққа шығару. Жоба Жапониядағы табысты тәжірибе негізінде енгізіліп, елімізде ауыл кәсіпкерлігін қолдаудың тиімді құралына айналды.

«Бір ауыл – бір өнім» жобасының түпкі идеясы алғаш рет 1970 жылдары Жапонияда пайда болды. Жергілікті шикізатты пайдалануға ынталандыру арқылы ел үкіметі ауылдардан экономикалық белсенді халықтың көшу мәселесін шешкен. Бүгінде бұл жоба әлемнің 30 елінде, соның ішінде, Қазақстанда да табысты жүзеге асырылып келеді.

Осындай игі бастамалар арқылы отандық өндірушілерге қолдау көрсетіліп, халық табиғи әрі сапалы өнімдермен қамтамасыз етіледі. Ең бастысы, туған жердің қадірін арттырып, ауыл еңбеккерлерінің еңбегіне құрмет мәдениеті қалыптасады.

Дана НҰРЖАНОВА
Суреткер автордан

• ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Жұмыс іздеп жүрсеңіз...

Қарағанды қаласындағы «Таир» сауда үйінде кезекті бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Еңбек мобильділігі орталығы Қарағанды қала әкімдігімен және Жастар ресурстық орталығы бірлесіп өткізді. Негізгі мақсат жұмыссыз жүрген азаматтар мен жұмыс берушілер арасында тікелей байланыс орнату.

Жәрмеңкеге 40 жұмыс беруші қатысып, жалпы саны 850-ден астам бос жұмыс орнын ұсынды. Шара барысында 312-ден астам тұрғын келіп, жұмысқа орналау және мамандық ауыстыру мәселелері бойынша мамандардан кеңес алды. Олардың ішінде 62 азамат бірден тұрақты және уақытша жұмыс орындарына жолдама алып үлгерді. Мамандардың айтуынша, бұл

қоғамдық ортаға бейімдеуді қажет ететін азаматтарға да ерекше көңіл бөлінген. Соның ішінде пробация қызметінің есебіндегі тұрғындар жәрмеңкеге белсенді қатысты. Нәтижесінде осы санаттағы 23 азаматқа лайықты жұмыс орындарына жолдама берілді. Бұл бағыттағы жұмыстарды үйлестіру үшін прокуратура, пробация қызметі, әділет департаменті, қала-

лық полиция басқармасы және Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті сияқты мемлекеттік органдардың өкілдері арнайы қатысып, құқықтық кеңес берді.

– Мұндай жәрмеңкелер тек жұмыс тауып берумен шектелмейді. Біз келушілерге мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктерін де түсіндіреміз. Әсіресе жастар, егде жастағы азаматтар үшін бағдарламалар өте көп, – дейді Қарағанды облысы еңбек мобильділігі орталығының баспасөз хатшысы Аян Сәбитов.

Жәрмеңке аясында тұрғындарға «Жастар практикасы», «Әлеуметтік

жұмыс орны», «Күміс жас» және «Кәсіптік оқыту» сияқты мемлекеттік қолдау жобалары таныстырылды. Сонымен бірге, алдағы жазғы маусымның басталуына байланысты жастар мен студенттер үшін уақытша жұмысқа орналасу мүмкіндіктері де сөз болды.

Еңбек мобильділігі орталығы бұл күні келе алмай қалған азаматтар үшін барлық бос жұмыс орындары enbek.kz бірыңғай порталында тұрақты жарияланатынын ескертеді.

Ділнәр ЕРМЕК,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

Жергілікті кәсіпкер жеңісі



Өнірде кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қайтарымсыз гранттар – жаңа идеялардың жүзеге асуына, жергілікті өндірістің дамуына серпін беріп отыр. Соның нәтижесінде, Қарқаралыда ұлттық колөнерді ұлықтаған «Жауһар» шеберханасы ашылды. Табиғи жүннен ұлттық бұйымдар өндіретін шеберхана жұмысын бастады. Жобаны кәсіпкерлер палатасының «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламасының финалисі Арайлым Қыстаубай жүзеге асырды. Кәсіпкер өз кәсібін дамыту мақсатында 5 миллион теңге көлеміндегі облыс әкімінің грант иегері атанған.



Мамандығы бойынша Арайлым Өскербекқызы – Қарқаралы қаласындағы №44 мектептің бастауыш сынып мұғалімі. Оның колөнерге деген қызығушылығы бала кезден бастау алған.

– Анам он баланы жалғыз өзі тәрбиелеп өсірді. Біз Темірші ауылында өсіп, шаруашылыққа көмектестік, қой бақтық. Бала күнімізден анамызбен бірге сырмақ пен текемет жасап, ою-өрнек салдық. Ұлттық колөнерге деген қызығушылығым сол кезден басталды, – дейді Арайлым Өскербекқызы.

Уақыт өте келе, бұл қызығушылық шығармашылық ізденіске ұласып, жүннен заманауи үлгідегі картиналар жасаумен айналыса бастаған. Оның еңбектерінде ұлттық нақыш пен дәстүрлі өнер үйлесім тапқан. «Бір ауыл – бір өнім» жобасы туралы облыстық кәсіпкерлер палатасының мамандарынан естіп, өнірлік көрмеге қатысуға шешім қабылдаған.

– Алғашында күмәндандым. Бірақ, өз жұмысымды көрсетуге бел будым. Көрмеге көптеген туындыларымды алып бардым. Кейін елуге жуық қатысушының арасынан үздік ондыққа, одан кейін үздік үштікке енгенімді білдім. Финалда Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арнап, жүннен жасалған портретін ұсындым. Бұл жұмысқа бір аптаға жуық уақыт кетті, – дейді шебер.

Жоба аясындағы жеңіс нәти-

жесінде кәсіпкер облыс әкімінің 5 миллион теңге көлеміндегі грантына ие болып, жеке шеберханасын ашуға мүмкіндік алған. Облыстық кәсіпкерлер палатасының шағын кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің басшысы Меруерт Қасимованың айтуынша, бұл бастама – ауыл кәсіпкерлерін қолдауға бағытталған маңызды жобаның бірі.

– «Бір ауыл – бір өнім» жобасы кәсіпкерлерге жергілікті шикізаттың әлеуетін ашуға, өнімін жетілдіруге және жеке өндірісін жолға қоюға мүмкіндік береді. Арайлым Өскербекқызы сүйікті ісін табысты кәсіпке айналдыруға болатынын көрсетті. Бұл жоба ауыл кәсіпкерлерінің дамуына серпін береді, – дейді бөлім басшысы.

Бүгінде «Жауһар» шеберханасында жүннен жасалған картиналар, сырмақтар, текеметтер, сәндік паннолар, сөмкелер және өзге де ұлттық колөнер бұйымдарын өндіру жоспарланып отыр. Өнімдердің басты ерекшелігі – табиғи жергілікті шикізат пен қазақы нақыштың сақталуы.

Арайлым Өскербекқызының жетістігі ұлттық колөнерді жаңғыртуға, ауыл кәсіпкерлігін дамытуға және өнірлік брендтерді қалыптастыруға бағытталған жобалардың нақты нәтижесін көрсетеді.

Дана НҰРЖАНОВА

Сурет облыстық кәсіпкерлер палатасынан

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Қарағанды жастарының жұлдызды сәті

Қарағанды қаласына 2028 жылғы ТМД-ның «Жастар астанасы» мәртебесі берілгені мәлім. Бұл шешім ТМД елдері Үкімет басшылары кеңесінің отырысында қабылданды. Аталған бастама Қарағандының жастар саясатының жүйелі дамып келе жатқанын және өнірдің жас буынының қоғамдық өмірге белсенді араласатынын көрсетеді. Мұндай жоғары атак ТМД кеңістігінде жыл сайын бір қалаға ғана табысталады. Алғашқы жылдары бұл мәртебе Ташкентке берілсе, кейін өзге қалаларға жалғасып, 2027 жылы Минскке, ал, 2028 жылы Қарағандыға бұйырды.

Дерекке сүйінсек, Қарағандының 2028 жылғы ТМД Жастар астанасы атануы өнір үшін бірқатар маңызды мүмкіндік береді. Бұл бастама жастар саясатын жетілдіруге, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және жаңа жобаларды жүзеге асыруға ықпал етеді.

Өнірдің жас тұрғындары халықаралық форумдарға, білім беру бағдарламаларына, мәдени және еріктілік бастамаларына кеңінен қатыса алады. ТМД елдерінен келетін құрдстарымен тәжірибе алмасу тиім идеялар туындауы және жаңа жобалар жүзеге асады.

Қарағандыда жас буынға арналған инфрақұрылымның дамуына серпін беріледі. Халықаралық деңгейдегі іс-шараларды өткізу үшін қоғамдық кеңістіктердің, шығармашылық алаңдар мен жастар орталықтарының жұмысы жанданады.

Қазіргі таңда Қарағанды облысында шамамен 303 мыңнан астам жас тұрады. Бұл – өнір халқының төрттен бір бөлігі. Жастардың көбі білім алып жүр, кейбірі жұмыс істейді. Ал, бір бөлігі қоғамдық жобалар мен еріктілікте. Жастардың бел-

сенділігі соңғы жылдары айқын байқалады. Олар тек оқумен шектелмей, стартап, бизнес, спорт және шығармашылық бағыттарда да дамып келеді. Қарағандыда еріктілер қозғалысы жақсы дамыған.

Еріктілер тек көмек беріп қана қоймай, қоғамда жауапкершілік пен белсенді азаматтық позиция қалыптастыруға да үлес қосып келеді. Соңғы жылдары Қарағандыда жастарға арналған көптеген жобалар іске асырылды. Бұл шаралар жастардың дамуына, жаңа мамандық үйренуіне және жұмыс табуына көмектесіп отыр.

«Saryaqqa jastary» Қарағанды облысының жастар ресурстық орталығының директорының орынбасары Ардана Мырзанованың айтуынша, «Жастар астанасы» атану – бұл тынымсыз әрі жүйелі еңбектің жемісі.

– Біздің жастар түрлі халықаралық деңгейдегі жобаларға қатысады. Мысалы, ТМД елдерімен тәжірибе алмасу және бірлескен бастамаларды іске асыру мүмкіндігінің арқасында өздерінің қарым-қабілетін шындайды. Сонымен қатар, жастарға арналған жаңа форумдар, білім



беру бағдарламалары, стартап және инновациялық жобаларды қолдау тетіктері дамиды. Бұл өз кезегінде жас буының кәсіби өсуіне, көшбасшылық қабілеттерін дамытуына және өнірдің халықаралық

беделін арттыруға үлкен серпін береді, – делі.

Қарағанды облысында жастар саясатын дамыту бағытында соңғы бір жыл ішінде ауқымды жұмыстар атқарылды.

«Жастар Рухы» жастар қанаты өнір жастарының қоғамдық-саяси белсенділігін арттыруға, көшбасшылық қабілеттерін дамытуға және олардың бастамаларын қолдауға бағытталған жүздеген іс-шара ұйымдастырды.

Жүзеге асқан жобалардың ішінде өнір жастарының басын қосқан форумдар мен білім беру бастамалары ерекше маңызға ие болды. Соның бірі – биыл іске қосылған «Жас саясаткер мектебі» жобасы. Бұл бастамаға 400-ден астам жас өтінім беріп, олардың арасынан 93 белсенді жас іріктеліп алынды. Сондай-ақ, Мәжіліс депутаттарының қатысуымен өткен «Big Toqunda» кездесуі жастар мен билік арасындағы тиімді диалог алаңына айналды.

Қарағандының 2028 жылғы ТМД-ның «Жастар астанасы» мәртебесін иеленуі өнір жастары үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады, – делі «Жастар Рухы» жастар қанатының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Арафат Мәжитов.

Арафат Мәжитовтің айтуынша, Қарағанды жастары белсенділігімен, еңбекқорлығымен және бастамашылығымен ерекшеленеді. Олар білім алып қана қоймай, қоғамдық жұмыстарға қатысып, өз жобаларын жүзеге асырып, еріктілік қызметпен айналысып, өнірдің дамуына нақты үлес қосып келеді.

Еркеайым АТЫКАНОВА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Туризмді түлеткен өңір

Қарағайы көкке өрлеп, тау сілемі тұманмен астақан қастерлі Қарқаралы – бүгінде табиғатымен тамсандыруымен қоса, туризм мен ауыл шаруашылығы қатар қанат жайып, инфрақұрылымы ілгерілеп келе жатқан өңір. Соңғы жылдары ауданға келетін туристер легі көбейіп, демалыс аймақтары мен жол бойы сервисі дамып, ұлттық нақыштағы жаңа жобалар іске қосыла бастады.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Орталық Қазақстан»

Туризмге бет бұрған өңір

Бүгінде аудан экономикасының негізгі өзегі – ауыл шаруашылығы. Бұл сала аудан экономикасының шамамен 80 пайызын құрайды. Бүгінде өңірде 900-ден астам шаруа қожалығы тіркелген. Соның жартысына жуығы бие байлап, қымыз өндірумен айналысады.

– Соңғы төрт-бес жылда ауданда өнеркәсіп пен туризм бағыты да қатар жанданып келеді. Былтыр облыс әкімінің қолдауымен «Қарағанды-Қарқаралы» бағытындағы күрежел орташа жөндеуден өтіп, бұл өңірге келетін туристер санының артуына тікелей әсер етті. Былтыр 20 мыңнан астам турист келген. Ал, «ВайФутуз» фестивалінің өзіне 20 мыңға жуық адам жиналды. Қазір ауданда 40-қа жуық демалыс орны бар. Олар бір мезгілде 5 мыңға жуық адамды қабылдай алады. Соған қарамастан, туристік әлеуетті одан әрі кеңейту, қызмет көрсету сапасын арттыру, жол, су, қауіпсіздік, демалыс мәдениеті сияқты маңызды мәселелерді түрде шешу қажет. Біздің жұмысымыз осы бағытта жүріп жатыр, – деді аудан әкімінің міндетін атқарушы Саят Мусин.

Ұлттық тәрбиеге негізделген этнолагерь

Қарқаралының қарағайлы баурайында орналасқан «Qarqaraly GO» этнолагері балалардың жазғы демалысын ұлттық танымымен, табиғат аясындағы тәрбиемен ұштастыруды көздейді. Этнолагерь Қарқаралы ұлттық паркінің аумағында орналасқан. Әр маусым 8 күнге созылады. Жазғы кезеңде барлығы 8 маусым өткізу жоспарланған. Сонымен бірге, мұнда қауіпсіз аумақ, спорттық және танымдық бағдарламалар, табиғат аясындағы түрлі іс-шаралар қарастырылған.

Этнолагердің басшылары – кәсіпкерлер Бақтияр Құсайынов пен Ермек Төлеубаев. Екі азамат ұлттық құндылықтарды заманауи форматта дәріптеуді мақсат



етіп, балаларға арналған осындай орталық ашуға бел бұған. Биыл аудан әкімдігі тарапынан «ВайФутуз» фестивалін өткізу туралы ұсыныс түскенде, олар бұл бастаманы қуана қолдап, шараның жоғары деңгейде ұйымдастырылуына үлес қосты.

– Көптен бері ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын, балаларға дәстүрді табиғи ортада танытатын орталық ашу ойымызда жүрген еді. Біздің мақсатымыз – балаларға жай демалыс ұсыну ғана емес, олардың бойына ұлттық тәрбие, табиғатқа құрмет, салт-дәстүрге сүйіспеншілік қалыптастыру. Лагерге 9 бен 14 жас аралығындағы балалар қабылданады. Бір маусымда 30-дан 100-ге дейін баланы қамтысақ деген ой бар. Мұнда жасөспірімдер таза ауада тынығып қана қоймай, дала мәдениетін, ұлттық ойындарды, қазақы тұрмыстың мәнін жақынан сезінеді, – деді этнолагерь басшысы Ермек Төлеубаев.

Инфрақұрылым игілігі

Қарқаралыда туристік инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жобалардың бірі – 40 орындық мотель. Бұл нысан, ең алдымен, ауданға келетін қонақтарға қолайлы жағдай жасап, жол бойы сервисінің сапасын арттыруды көздейді. Жобаның бастамашысы – «PetroRetail PFS» ЖШС. Нысан Қарқаралы ауданының кіреберісіне салынуда. Жобаның жалпы құны – 450 миллион теңге. Қаржы толықтай инвестордың өз қаражаты есебінен қарастырылған. Болашақ мотель жылына 5 мыңға дейін туристке қызмет көрсетеді.

Қарқаралыда туристік инфрақұрылыммен қатар, әлеуметтік маңызы бар нысандарды дамыту жұмыстары да кезең-кезеңімен жүргізілуде. Соның бірі – қала

аумағында салынуы жоспарланған жаңа мектеп. Жоба бойынша Қарқаралы қаласында 300 орындық білім ошағы бой көтермек. Осы мақсатта аудандық жер комиссиясының шешімімен Токтар Әубәкіров көшесі бойынан жалпы аумағы 2 гектар жер телімі бөлінген.

– Қазір 300 орындық мектеп салу жобасы бойынша жұмыс жүріп жатыр. Мектеп-интернат 100 орындық жатын корпусымен бірге қарастырылуда. Оның қасына 200 орындық балабақша салу жоспарда бар. Қажетті құжаттаманың бәрі дайындалып жатыр. Құрылыс жұмыстары басталса, бұл қала тұрғындары үшін де, балалар үшін де маңызды нысан болады, – деді Саят Мусин.

Қарқаралы қаласының ішкі жолдарын ретке келтіру жұмыстары да жүйеленіп келеді. Әсіресе, қала орталығындағы ең маңызды көшелердің бірі – Токтар Әубәкіров көшесінде ауқымды реконструкция жүріп жатыр.

– Жөндеу жұмыстары 2024 жылы басталған. 2024-2025 жылдары ұзындығы 2,3 шақырым болатын учаскеге екі қабатты асфальт жабыны төселіп, жаяу жүргіншілерге арналған тротуарлар, су бұру жүйелері, жарық бағандары, жол белгілері мен жиектас орнатылған. Қазіргі уақытта үшінші қабат асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде. Жол реконструкциясы болғандықтан, технологиялық талаптарға сай жер 50 сантиметрге дейін қазылды. Мемлекет тарапынан 1,2 миллиард теңге қаражат бөлінді. Қазір үшінші қабат асфальт төселіп жатыр. Жұмысты Токтар ағамыздың мерейтойына дейін аяқтау жоспарымызда бар, – деді аудандық тұрғын үй-коммуналдық

істейді. Жалпы техника саны – 8 бірлік. Бөлім заманауи өрт сөндіру құралдарымен, арнайы көліктермен және төтенше жағдай кезінде қажет болатын жабдықтармен толық қамтылған. Құтқару жасағы былтыр жасақталып, бүгінде іздестіру-құтқару жұмыстарына белсенді тартылып келеді.

Құтқарушылардың жұмысы көбіне туристердің қауіпсіздігімен тікелей байланысты. Әсіресе, орманды-таулы аумақта аласып кету, қыс мезгілінде бағыттан жаңылу, жазда су айдындарындағы қауіпсіздік ережелерін сақтамау секілді жағдайлар ұдайы назарда. Алмас Қасымұлының айтуынша, былтыр қыс мезгілінде қарда жүретін көлікпен серуендеген екі турист адасып кеткен. Құтқарушылар заманауи техниканың көмегімен оларды қысқа мерзімде тауып, аман алып шыққан.

Аудан көлемінде өртке қарсы инфрақұрылымды күшейту жұмыстары да жалғасып жатыр. Былтыр ауылдық жерлерде екі өрт сөндіру посты салынса, былтыр Татан, Айнабұлақ және Айрық ауылдарында үш жаңа пост салу жоспарланған.



ПРЕЗИДЕНТ
ТАПСЫРМАСЫН
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Абылай Исақов.

Туристік аймақтың басты талабы

Қарқаралы – қысы-жазы турист үзілмейтін өңір. Сондықтан, мұнда демалыс мәдениетімен қатар, қауіпсіздік мәселесіне де ерекше көңіл бөлініп келеді. Баспасөз туры барысында таныстырылған келесі нысан – №16 өрт сөндіру бөлімі. Қарқаралы ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау майоры Алмас Ибраевтің айтуынша, бұл бөлім былтыр қыркүйек айында реновациядан өтіп, толық жаңғыртылған.

Қазір мұнда өрт сөндіру бөлімінің бөлек, арнайы құтқару жасағы да жұмыс



Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



Қатер қас-қағымда

Бір сәттік қараусыздық орны толмас өкінішке әкелуі мүмкін. Балалардың жазатайым оқиғаға жні ұшырауы, әсіресе ашық терезеден құлау фактілерінің көбеюі қоғам назарын аударуды талап етеді. Осыған байланысты Қарағанды қаласында Балаларды қорғау күніне орай «Қауіпсіз терезе – бақытты балалық шақ» атты әлеуметтік акция өтті. Акция барысында төтенше жағдайлар қызметінің мамандары тұрғын үйлерге арнайы терезе бекіткіштерін орнатты. Бұл құрылғылар балалардың терезені өздігінен ашуына жол бермейді.

Акцияның басты мақсаты – жазда жиілейтін қайғылы оқиғалардың алдын алып, ата-аналардың жауапкершілігін арттыру. Осы мақсатта ұйымдастырылған акция тұрғындардың назарын бала қауіпсіздігіне аударып, оның маңызылығын тағы бір мәрте көрсетті. Акцияны Қарағанды облысының аймақтық Бала құқықтары жөніндегі уәкілі мен балалардың құқықтарын қорғау басқармасы ұйымдастырды. Сонымен бірге, полиция департаменті мен төтенше жағдайлар қызметінің өкілдері де белсенді атсалысты. Астана қаласындағы «Руки матери» қоғамдық қоры демеушілік көрсетті.

– Біздің басқарманың басты міндеті – ол балаларды қорғау мен балалардың қауіпсіздігі. Сондықтан да, мұндай акцияларды ұйымдастыруға біз толық қолдау көрсетеміз. Бүгін Қазыбек би мен Әлихан Бөкейхан ауданында 17 отбасы қамтылады, – деді балалар құқығын қорғау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Баян Нұртаева.

Акция аясында Қарағанды қаласындағы 17 көпбалалы және өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыға қолдау көрсетілді. Сонымен бірге, отбасыларға азық-түлік сетбеттері, тәтті сыйлықтар мен тұрмыстық заттар да табысталды. Ата-аналарға қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, баланы қараусыз қалдырмау туралы айтылды.

– Төрт немеренің атасымын. Ұлым мен келінім жұмыс істейді. Балаларға өзіміз қараймыз. Терезеден келетін қауіптің алдын алып жатқан сіздерге рақмет! Балаларға жасап жатқан қамқорлықтарыңызға алғысымызды айтамыз, – деді қала тұрғыны Рахман Сартбайұлы.

Осындай тағылымы мол шаралар қоғамда қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырып, талай отбасының алаңын сейілетеді. Себебі, «Сақтықта қорлық жоқ». Баланың өмірі – баға жетпес байлық. Оны қорғау – қоғамның ортақ міндеті.

Дана НҮРЖАНОВА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

ҚАРАҒАНДЫ

• ДЕНСАУЛЫҚ

Аядай жүрекке араша

Қарағанды өңірінде балалар кардиохирургиясын дамыту мақсатында үлкен игі іс басталды. «Heart Center Foundation» қоғамдық қоры жүзеге асырып жатқан «JÜREK» туа біткен жүрек ақаулары бойынша емделушілерге білім беру жобасы аясында елордалық білікті мамандар кеншілер өлкесіне арнайы келіп, күрделі жүрек кінәраты бар сәбиге ота жасап, жергілікті дәрігерлермен тәжірибе бөлісті.

«University Medical Center» корпоративтік қорының балалар кардиохирургиясы бөлімшесінің меңгерушісі Дмитрий Горбунов бұл сапардың басты мақсатын түсіндіріп өтті.

– Біз бүгін «Heart Center Foundation» қоры ұйымдастырған іс-шара аясында келіп отырмыз. Мұндағы басты мақсатымыз – дәрігерлер мен пациенттердің ата-аналары арасында тікелей байланыс орнату, сондай-ақ, жергілікті әріптестерімізбен бірлесіп, күрделі оталар жасау, – дейді Дмитрий Валерьевич.

Дмитрий Валерьевич – халықаралық деңгейде білім алған жоғары білікті маман. Ол кезінде «Болашақ» бағдарламасымен Германияның Батыс бөлігіндегі Фрайбург университетін тәмамдаған. Көптеген жылдар бойы елордадағы үлкен клиникада балалар кардиохирургиясы саласын дамытып келеді. Оның айтуынша, бұған дейін де астаналық дәрігерлер Қарағандыда ота жасаған, бірақ дәл осы жолғы кінәрат бойынша ота өңірде алғаш рет.

Жедел хирургиялық ота Теміртау қаласынан келген небәрі 5 айлық Максим

есімді сәбиге жасалды. Кішкентай Максимге қойылған диагноз – атриоventрикулярлық септалды ақау.

Дмитрий Валерьевичтің айтуынша, бұл – күрделі отаның бірі. Өмірде жиі кездескенімен, әр баланың жүрек анатомиясы әртүрлі. Сондықтан, әр науқасқа ерекше тәсіл қолданылып, жеке емдеу шаралары жүргізіледі.

Қазіргі уақытта мұндай диагнозы бар балалардың ата-аналары ота жасау үшін Астана немесе Алматы қалаларына баруға мәжбүр. Ал, алдағы уақытта бұл оталар Қарағандының өзінде-ақ жасала бастайды. Осылайша науқас және олардың жақындары басқа қалаларға ат арылмай, өз өңірінде ем алатын болады.

Астаналық әріптестерімен иық тіресе ота жасаған жергілікті мамандардың бірі Қарағанды қаласындағы №2 көпсалалы аурухананың балалар кардиохирургиясы бөлімшесінің меңгерушісі Ғанибек Асқарұлы.

Дәрігердің айтуынша, кішкентай Максимнің отасы ауыр санатқа жатады. Себебі, 5 айлық сәбидің жүрек ақауынан бөлек, өкпе гипертензиясы мазалайды.



Хирургтар бұл жолы екі жамау салып, пластика жасау әдісін қолданады. Ота барысында митральді және трикуспидальді клапандар қалпына келтіріледі.

– Мұндай ашық оталар орташа есеппен 4-5 сағатқа созылады. Ал, егер эндоваскулярлық, яғни жабық тәсілмен жасалатын оталар болса, олар әлдеқайда тез,

шамамен 1-2 сағат ішінде аяқталады. Бірақ, әр баланың жағдайы, кінәраттың ауырлығы әртүрлі болғандықтан, әр науқасқа ерекше, жеке тәсіл қолданылады, – деп түсіндірді бөлімше меңгерушісі Ғанибек Асқарұлы.

Статистикаға сүйенсек, мұндай кінәраттың кездесу жиілігі орташа есеппен 10 жағдайдың төртеуінде байқалады. Бұл – өте жоғары көрсеткіш. Дегенмен, Ғанибек Асқарұлы Қарағанды облысында функционалды диагностика жақсы дамығанын және ауруды ерте анықтау деңгейі тиісті дәрежеде екенін жеткізді.

Өңірдегі балалар кардиохирургиясының негізін қалаған Ғазиз Қабылтайұлы екенін құрметпен атап өтті. Бүгінгі таңда Қарағандыда балалар кардиохирургиясы саласында айтарлықтай өсім бар. Мұнда жылына орташа есеппен 60-тан 80-ге дейін күрделі ота жасалады. Дәрігерлер тек кеуде қуысын ашып қана қоймай, заманауи эндоваскулярлық тәсілмен де балалардың өмірін арашалап жүр.

Елордалық және қарағандылық хирургтардың бұл бірлескен жұмысы аймақтағы медицинаның әлеуетін арттырып, жүрегінде кінәраты бар талай бұлдіршінің толыққанды өмір сүруіне жол ашпақ.

Айжан БЕЙБІТ,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

Сурет «University Medical Center» корпоративтік қорынан

«АҚЫЛДЫ ҚАЛА», қолайлы қоғам

Аймақта «Ақылды қалалар» стратегиясы бекітілген. Құжат цифрлық дамудың негізгі басымдықтарын айқындап, жасанды интеллект технологияларын енгізуді, заманауи қалалық инфрақұрылымды қалыптастыруды және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруды көздейді.

Облыстың цифрлық трансформация картасы да әзірленді. Карта барлық салалық бағыттарды қамтып, облыстық басқармалар мен ведомстволық ұйымдардың жұмысын біріктіреді. Онда нақты цифрлық жобалар, олардың тиімділік көрсеткіштері, іске асыру мерзімдері және ведомстволық өзара іс-қимыл тетіктері белгіленген.

Өңірде 50-ге жуық цифрлық жоба жүзеге асырылса, оның басым бөлігі өндірістік пайдалануға енгізілген. Мемлекеттік органдардың, әлеуметтік сала ұйымдарының және кәсіпорындардың күнделікті қызметіне пайдаланылуы.

IT кадрлар даярлау – басты міндеттің бірі

Цифрлық экономиканы дамыту үшін білікті мамандар даярлау мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Осы бағыттағы маңызды жобаның бірі – Әбілқас Сағинов атындағы Қарағанды техникалық университетінің базасында жүзеге асырылып жатқан Tomtopow School білім беру бағдарламасы.

– Жоба Халықаралық инновациялық және цифрлық даму институты мен Alem.AI Astana Hub орталығының қатысуымен іске асырылуда. Бағдарлама аясында жасанды интеллект, киберқауіпсіздік, Full Stack әзірлеу, blockchain технологиялары, Cloud және DevOps инженериясы сияқты цифрлық экономиканың ең сұранысқа ие бағыттары бойынша мамандар даярланады.

Бағдарламаның ерекшелігі – оқытудың тегін болуы, технологиялық инфрақұрылымға тәулік бойы қолжетімділік және 50-ден астам нақты тәжірибелі кейіске негізделген оқыту жүйесі, – дейді облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Константин Ильницкий. Мамандардың айтуынша, жоба өңірде тұрақты IT кадрлар резервін қалыптастырып, жоғары технологиялық инвестициялар тартуға

қосымша мүмкіндік береді. Цифрлық трансформацияның нәтижелері республикалық деңгейде де жоғары бағалануда. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Smart City бастамаларын дамыту жөніндегі ұлттық рейтингте Қарағанды қаласы республика бойынша төртінші орынға ие болды. Бұл көрсеткіш бойынша өңір тек Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан кейін тұр.


Инфрақұрылымды дамыту, интеллектуалды басқару жүйелерін енгізу және мемлекеттік қызметтерді цифрландыру бағытындағы жүйелі жұмыстың нәтижесі ретінде бағалады.

Мемлекеттік қызметтің 99,5 пайызы электронды түрде

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қарағанды облысының астам мемлекеттік қызмет көрсетілген. Оның 99,5 пайызы электронды форматта алынған.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде анықталған заңбұзушылықтар саны өткен жылмен салыстырғанда 5 пайызға қысқарған. Ал, қызмет көрсету сапасына қатысты тұрғындардың шағымдары екі есеге азайған.

Қазақстан Республикасы Мем-



Қаладағы жасанды Шығару Алматы

лекеттік қызмет істері агенттігінің қоғамдық мониторингі нәтижесінде Қарағанды облысы қызмет алушылардың қанағаттану деңгейі бойынша республикада бірінші орында. Өңір 5 балдың 4,93 балын жинады.

Бүгінде облыс аумағында 13 азаматтарды қабылдау орталығы мен мыңнан астам өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді. Тек өткен жылы Мемлекеттік және сервистік қызметтер көрсету орталығына 400 мыңнан астам тұрғын жүгінген.

Тұрғындар сенімінің алаңы

«Senim109» бірінші бағыты орталығы қазіргі уақытта Қарағанды облысының барлық 13 қаласы мен ауданын, 358 елді мекенді және 1 миллион 100 мыңнан астам тұрғынды қамтып отыр.

Азаматтар өтініштерін 109 қысқа нөмірі, ресми портал, әлеу-

меттік желілер, WhatsApp және Telegram арқылы жолдай алады.

Қызмет іске қосылғалы бері бір миллионнан астам өтініш өңделіп, өтініштердің уақытылы орындалуын қамтамасыз ету үшін 433 мемлекеттік мекемемен және 30 коммуналдық ұйыммен тұрақты байланыс орнатылған.

Орталық жұмысы барысында келіп түскен өтініштердің 80 пайызы операторлар деңгейінде шешіліп, тұрғындардан 15 мыңнан астам алғыс түскен. 2025 жылы байланыс арналары арқылы тұрғындардан 176 мың 165 өтініш қабылданған.

2026 жылдың алғашқы бес айында «Senim109» қызметіне 70 мың 126 өтініш келіп түскен. Тұрғындар көтерген негізгі мәселелер қатарында жолдардың жабылуы, денсаулық сақтау, көшелер мен аулаларды жарықтандыру, сумен жабдықтау және абаттандыру мәселелері бар.

Ал, 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Senim109» қызметі денсаулық сақтау мәселелері бойынша өтініштерді қабылдай бастады. Бұл бағыттағы жұмысты жедел ұйымдастыру үшін өңірдегі 75 медициналық ұйымға автоматтандырылған жұмыс орындары енгізілген. Соның нәтижесінде өтініштерді қарау мерзімі бір жұмыс күніне дейін қысқарған.

Соңғы бір жарым жыл ішінде денсаулық сақтау мәселелері бойынша 30 мыңнан астам өтініш түсіп, оның 99 пайызы орындалыпты. Алдағы уақытта «Senim109» базасында қоғамдық көлік диспетчерлік қызметі іске қосылады. Бұл жүйе қоғамдық көліктің қозғалысын нақты уақыт режимінде бақылауға, маршруттық желіні басқаруды автоматтандыруға және төтенше жағдайларға жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, байланыс орталығының техникалық мүмкін-

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ 2026

діктерін кеңейту үшін жасанды интеллект негізіндегі көмекшілер енгізіліп, «Senim109» мобильді қосымшасы іске қосылмақ.

«Таза Сенім» жобасы – тың жоба

2023 жылдан бері қызмет құрамында арнайы мониторингтік топ жұмыс істейді. Қызметкерлер күн сайын елді мекендерді аралап, ашық құдықтар, үзілген электр сымдары және тұрғындардың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін басқа да жағдайларды анықтайды.

Барлық деректер фото және бейне материалдармен расталады. Сонымен қатар, ақпараттық жүйеге «дейін» және «кейін» форматындағы фотосуреттерді енгізу мүмкіндігі қосылған. Бұл атқарылған жұмыстың нәтижесін нақты бақылауға мүмкіндік береді.

Ерекше назар аударылған жобаның бірі – Қарағанды облысының прокуратурасы мен ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті жүзеге асырып жатқан «Таза Сенім» жобасы болды.

«Заң мен тәртіп өзінен басталады» қағидаты аясында іске асырылып жатқан жоба азаматтардың өтініштерін қарау сапасын арттыруға, формальды жауаптар мен негізсіз шешімдердің алдын алуға бағытталған.

Жоба аясында облыстың барлық 13 қаласы мен ауданында жұмыс кездесулері өткізілген. Әрі өтініштердің сапасын бағалау кезінде жасанды интеллект технологияларын енгізу жұмыстары басталды.

Зарина АЙТЖАН

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Рәміздер күні атап өтілді

Нұра кентіндегі Тәуелсіздік саябағында еліміздің Мемлекеттік рәміздер күні құрметіне «Туым – тұғырым, Елтаңбам – елдігім, Әнұраным – айбыным» атты мерекелік іс-шара өтті.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Әнұран әуенімен жарыса Ту салтанатпен көтерілуімен басталған мереке аясында өңір басшысы Бақытжан Мұқанов тұрғындарды атаулы күнмен құттықтап, Мемлекеттік рәміздер еліміздің абыройын айқындап, айбынын асқақтататын қасиетті символдар екенін жеткізді. Мемлекеттік рәміздерді қастерлеу республиканың әрбір тұрғыны үшін қасиетті парыз екенін көрсете келіп, өскелең ұрпақты жерін, елін сүйуге, Отанына адал қызмет етуге үндеді.

«Қазақстанның Өткені – Бүгінгі – Болашағы» атты театрландырылған композициямен өрнектелген мерекеле қазақ халқының көне дәуірден бері жалғасқан тарихы, тәуелсіздікке жету жолындағы күрес жолдары, сондай-ақ, тәуелсіздікке жеткеннен бергі бет-бейнесі сахна



көріністерімен баяндалып, алдағы асқақ арман-мақсаттары бейнеленді.

Мереке барысында жергілікті өнерпаздар туған жерге, елге деген асыл сезімдерді паш ететін патриоттық ән-

дер шырып, жиналған жұрттың ықпал-алғысына бөленді.

Нұра ауданы

Сурет автордан

• ҚҰҚЫҚ

Талдау талапты күшейтті

Қарағанды қаласының Әлихан Бөкейхан ауданы прокуратурасы мемлекеттік сатып алу саласына жүргізілген талдау нәтижесінде кәсіпкерлердің құқықтарының бұзылғанын анықтады.

Прокуратура мәліметінше, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінде мердігер ұйымдар өз міндеттемелерін толық орындап, атқарылған жұмыстар үшін төлемдерді толық алғанымен, мемлекеттік сатып алу шарттары уақытылы жабылмаған. Осының салдарынан шарттардың орындалуын қамтамасыз ету үшін енгізілген кепілдік қаражаттары мен антидемпингтік сомалар негізсіз ұсталып келеді. Ұсталған қаражаттың жалпы көлемі 51 миллион теңгеден асқан. Бұдан бөлек, бұл жағдай кәсіпкерлердің мемлекеттік сатып алу конкурстарына қатысу мүмкіндігін шектеген.

Прокуратура баспасөз қызметінің айтуынша, Мемлекеттік сатып алу шарттарының уақытылы жабылмауы 3 айға созылған. Аталған бұзушылық талдау барысында анықталды. Кіналі лауазымды тұлға сөгіс түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Прокуратура болашақта мұндай жағдайлардың алдын алу үшін мемлекеттік сатып алу порталында жарияланатын сатып алуларға тұрақты негізде мониторинг жүргізуде. Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу шарттары толық орындалып, жабылғаннан кейін шарттық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге байланысты сомалардың қайтарылуы мен босатылуын тұрақты бақылауда ұстайды.

Прокурорлық қадағалау актісінің негізінде анықталған заңбұзушылықтар жойылды. Мемлекеттік сатып алу шарттары жабылып, кәсіпкерлерге тиесілі қаражат толық көлемде қайтарылған. Прокурату-

ра мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдылықтың сақталуын бақылауды және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау бағытындағы жұмысты жалғастырып жатқанын хабарлады. Сондай-ақ, аудан прокуратурасы жанындағы бизнестің құқықтарын қорғау жөніндегі мобильді топтың жұмысы жалғасуда.

«Кәсіпкерлер мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз тексерулер немесе құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылу деректері бойынша Қарағанды қаласы, Архитектурна көшесі, 15/1 мекенжайындағы (телефон: 8-707-989-28-59) мобильді топқа жүгіне алады» деп хабарлайды Әлихан Бөкейхан аудан прокуратурасы.

Аружан ТӨЛЕУХАН, ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

ҚАРАҒАНДЫ

• БАЙҚАУ

Мұғалімнің мерейін тасытқан

Қарағандыда Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Үздік оқытушы» облыстық байқауы өтті. Байқау тілдерді оқыту орталықтарының ересектерге қазақ тілін тиімді үйрету әдістемелері бар оқытушыларды ынталандыру, қолдауды көздеді.



Байқаудың әділ, шынайы өтуін бағалауға өз маманының шеберлері әділқазылар төрелік етті.

Қазылар алқасы құрамында Әбілқас Сағинов атындағы Қарағанды техникалық университеті Қазақ тілі және мәдениет кафедрасының доценті Қарлығаш Хамзина, Республикалық «Отандастар қоры» КЕАҚ оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі Әсия Смыкова, академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің қауымдастырылған профессоры Сағиға Рахымберлина болды.

Байқау үш кезеңнен тұрды. Әр кезеңде қатысушыға 10 минуттан берілді. 7 қатысушы – 7 түрлі әдіс. Облыстың әр өңірінен келген тіл мамандары өз өнерлерін көрсетті. Қазылар алқасының шешімі бойынша үздіктер анықталды.

III орынды Теміртау қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі Тілдерді дамыту орталығының оқытушысы Досжан Нұрсейітов иеленді. Кезекті II

орын жүлдесі Балқаш қаласының Тілдер орталығының әдіскері Мәлдір Балғабаева марапатталды. Ал, I орын Шахтинск қаласы мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Бастау» оқу әдістемелік орталығының оқытушысы Әлия Еппаеваға табысталды.

Бас жүлдеге Балқаш қаласы Тілдер орталығының әдіскері Айнұр Бейімбетова ие болды.

– Қазақ тілі пәнінің мұғалімімін. Байқау өте қызықты, тартысты өтті. Өрне, қобалжу болды. Өртүрлі әдістемелерді, оқыту тәсілдерін көрсетуге тырыстық. Республикалық байқауға жолдама алдым, облыстың үмігін ақтап, сол жақтан жеңіспен оралсам деген тілек бар. – дейді Айнұр Бейімбетова.

Жанерке ТӨЛЕУБАЙ, ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

Сурет автордан

Ел мүддесіне адал қызмет



• ФУТЗАЛ

Болашақ чемпиондарға құрмет

Қарағандыда FREEDOM FUTSAL BFL AWARDS марапаттау кеші өтіп, маусым бойы үздік өнер көрсеткен командалар мен жас футболшылардың жетістіктері ұлықталды. Онда маусым бойы жоғары нәтиже көрсеткен командалар, үздік ойыншылар марапатталды.



Freedom Futsal BFL – Қарағанды облысындағы балалар мен жасөспірімдер футболының дамуына бағытталған маңызды жобаның бірі. Биылғы қысқы маусымда U-13, U-15, U-17 және U-19 жас санаты бойынша 23 команда бақ сынап, тартысты кездесу өткізді. Ал, Freedom BFL фестиваліне әртүрлі жас санатындағы 32 команда қатысып, өзара мықтыны анықтады.

Салтанатты кешке QOFA ұйымының бас хатшысы Талғат Қаржаубаев, Қазақстан футболының медиа өкілі Николай Пенгрин, «Шахтер» футбол клубының ардагері Асқар Әбілдаев және «Қарағанды» футбол клубының жаттықтырушысы Павел Таку қатысты.

Freedom BFL бүгінде ойыншылардың тәжірибе жинап, өздерін танытатын алаңға айналды. Биыл командалардың деңгейі өсіп, қатысушылар саны артты. Балалардың футболға қызығушылығы жылдан-жылға күшейіп келеді. Бізге ең маңыздысы – олардың дамуына мүмкіндік жасау, – деді Freedom BFL жобасының жетекшісі Изат Мусилимов.

Ал, QOFA ұйымының бас хатшысы Талғат Қаржаубаев өңірдегі балалар футболының қарқынды дамып келе жатқанын баса айтты.

Мұндай жарыстар жас ойыншылардың тәжірибе жинауына, шеберлігін шыңдауына және бәсекеге қабілетті орта қалыптастыруына үлес қосады. Бұл – болашақ кәсіби спортшыларды қалыптастыратын жобалар, – деді ол.

Марапаттау рәсімінде маусымның үздік ойыншылары, шабуылшылары мен сұрмергендері анықталды. Сонымен қатар, «Қайсар мінезі үшін» және «Үздік гол» аталымдары бойынша арнайы марапаттар табысты. Турнир қорытындысы бойынша U-13 санатында БЖСМ Бұқар жырау, U-15 санатында – «Тұлпар», U-17 санатында – «Жастар», ал, U-19 санатында – «Теміртау» командалары чемпион атанды.

Freedom BFL фестивалінде 2017 жылғы жас санатында «Шахтер», 2016 жылғы санатта Maykuduk Jas Batyr, 2014-2015 жылғы санатта Scaut, 2012-2013 жылғы санатта Scaut 2013 A және 2010-2011 жылғы санатта Scaut-2 командалары жеңімпаз атанды.

Турнирде өнер көрсеткен «STU» командасы алғашқы маусымның өзінде жоғары нәтиже көрсетіп, 14 ойынның 12-сінде жеңіске жетті. Команданың жаттықтырушысы Ерлан Окасов жарыстың жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті.

Осындай турнирлер балалар мен жастардың спорттық дамуына зор мүмкіндік береді. Алғашқы маусымда жақсы нәтиже көрсеткенімізге қуаныштымыз. Алдағы уақытта да турнирге тұрақты қатысуды жоспарлап отырымыз, – деді жаттықтырушы.

Марапат соңында қатысушылар арасында QOFA ұйымы атынан арнайы сыйлықтар ойнатылып, қысқы маусым салтанаты түрде қорытындыланды.

Ақжігіт САҒЫНТАЙ,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті
Сурет QOFA

Мемлекеттік қызметті дамытудың негізгі міндеті – сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу және жою өзекті мәселенің бірі.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев алқалы жиында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуындағы негізгі, ал бәлкінен қаражат тиімді жұмсалудың және деректер қоры одан әрі интеграциялау және цифрландыруды жетелдетуге баса мән берді.

Сыбайлас жемқорлық бірінші кезекте мемлекеттік қызметке деген сенімді жоюды, теріс нұқсан келтіріп, ұлттық қауіпсіздікке қатері зор.

Мемлекеттік қызмет атқаруда сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулердің бағытының бірі – мемлекеттік қызметкерлер өз қызметтік өкілеттерін жеке мүдделері үшін қызмет бабында асыра заңсыз пайдаланбау, мемлекет пен қоғамға зиян келтірмеу.

Бүгінгі күні, қазынашылық органдарында барлық қаржылық құжаттар электронды түрде «Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесі арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген құжаттарды қабылдау және өңдеуді жүзеге асырылады, бұл мемлекеттік қызметкерлер өз қызметтік өкілеттерін асыра пайдаланудың бірден-бір көзі десем болады, себебі дұрыс/толық рәсімделген қаржы құжаттары растайтын құжаттардың негізінде өңдеу барысы тез, бір күн ішінде «Ақша алушының» екінші банк деңгейінде ашылған шоттары арқылы жеткізіледі.

Бюджеттің шығыстары бойынша республикалық бюджетті атқару және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет көрсетуде қамтыған қолданыстағы бюджет заңнамаларының талаптары мен негізгі қағидаттарына сәйкес мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер, әкімшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілері, қазынашылық сүйемелдеу, қаржылық қолдау операторларының бюджет қаражатын тиімді, әрі мақсатты пайдалануында ағымдағы бақылауды жүзеге асыруда Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік қазынашылық департаменті маңызды рөл атқарады.

Қазынашылық құжаттары мемлекеттік мекемелердің төлем шоттары, салық немесе бюджетке төленетін төлем тапсырмалары, басқа да міндетті төлемдер, ақша аударымдары төлемдер және ағымдағы қаржы

жылына арналған міндеттемелер бойынша шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктеріне сәйкес қаржыландырудың жеке жоспарының жоспарлы тағайындаулары мен шартты тіркеу туралы хабарламаның пайдаланылмаған қалдығы шегінде өткізіледі.

ҚБЖЖ-нің негізі – бюджет қаражатын сапалы, уақытылы орындау, мемлекеттік қаржыны толық және міндеттемені тиімді басқаруды қамтамасыз ету болып табылады.

Төлеуге берілетін шоттар – мемлекеттік мекемелермен жүргізілетін барлық төлемдер, тауарлар, қызметтер және жұмыстар үшін жеткізушілер алдындағы міндеттемелерді растайтын қазынашылық органдары арқылы төленетін негізгі қаржылық құжат.

Департаментпен төлеуге берілетін шоттар 2025 жылмен салыстырғанда 100% интеграцияланған ЭШФ арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік сатып алу келісім шарттары бойынша тауарларды сату, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету төлеуге берілетін шоттары бойынша электрондық шот фактура мемлекеттік мекемелер мен жеткізушілер арасындағы қаржылық құжат айналымы автоматтандырылған, демек ҚКАЖ-не төлем мақсатын растайтын құжат ретінде интеграцияланған ЭШФ-сы электрондық цифрлық қолтаңбасы бар автоматты түрде түседі.

Сонымен қатар, тіркелген мемлекеттік мекемелер келісім шарттары бойынша міндеттемелердің интеграцияланған рәсімделудің тағы бір ерекшелігі – ЭШФ-да көрсетілген мәліметтердің (келісім шарт нөмірі, соммасы) ҚКАЖ-гі деректермен сәйкестігі, адам факторлар барынша аязоңды нәтижесі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында мемлекеттік қызметтің сапасын арттырудың бірден-бір жолы деуге болады.

Интеграция мен автоматтандыру процесі ашықтықты қамтамасыз

ету, төлемдерді жеделдету, қағаз құжаттарды өткізу қажеттілігін жою, сондай-ақ, қазынашылық қызметкерлерін клиенттермен қарым-қатынас байланысы болмаудың бір себебі сыбайлас жемқорлық аймақтарына жол бермеу болып табылады.

Сонымен қатар, қаржылық құжаттарды қалыптастыру кезеңінде бюджеттің тиімді және сапалы атқарудағы басты мақсат – нормативтік-құқықтық актілер және қолданыстағы бюджет заңнамаларын талаптарын сақтау және бұзушылықтарға жол бермеу.

Бұл ретте, клиенттердің бухгалтер, қаржы қызметкерлерімен қаржылық құжаттарды қалыптастыру барысында бос қалдықтардың жеткілікті болмауы шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктеріне сәйкес келмеуі және қаржылық құжаттардың қате рәсімделуі, деректемелердің толық немесе дұрыс толтырылмау себептеріне байланысты қазынашылық органдары блок бөлігінде орындаусыз қайтарады.

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасын бұзу тәуекелдерін болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 15 наурыздағы № 171-VII Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 104 бабының талаптарына сәйкес орындаусыз қайтарылған қаржылық құжаттар бойынша деректерді талдау және жинау арқылы Департаментпен тоқсан сайын қазынашылық мониторинг жүргізіледі, оның нәтижесі орындаусыз қайтарылған қаржылық құжаттардың негізгі себептері, жалпы саны мен соммасы көрсетілген талдау табиғаты түрінде бюджеттік бағдарламалар әкімшелеріне, мемлекеттік мекемелерге хат арқылы жолданады.

Департаментпен ұсынылған қаржылық құжаттарда сапасын арттыру, жиі кездесетін кемшіліктерді болдырмау мақсатында норма-

• БӘРЕКЕЛДІ!

Швецияда қарсылас шак келтірмеді

Үстел теннисінен Қазақстан құрамасының өкілі, қарағандылық Алан Құрманғалиев Швецияның Хельсинборг қаласында өткен WTT Youth Contender халықаралық турнирінің жеңімпазы атанды.

19 жасқа дейінгі спортшылар арасында ұйымдастырылған жарыста қазақстандық спортшы жоғары шеберлік танытып, бірнеше елдің мықты қарсыластарын жеңді. Турнир барысында Алан Швеция, Венгрия, Үндістан, Польша және Дания өкілдерінен басым

түсіп, финалдық кезеңге жолдама алды.

Шешуші кездесуде Алан Құрманғалиев польшалық Самуэль Михнамен кездесіп, 3:1 есебімен сенімді жеңіске жетті. Осылайша, қазақстандық спортшы халықаралық додада алтын медаль иеленіп, турнир

чемпионы атанды.

Бұл жеңіс Алан Құрманғалиев үшін маңызды жетістік саналады. Өйткені, чемпиондық атақпен қатар спортшы әлемдік рейтингке есептелетін 1000 ұпайға ие болды. Бұл көрсеткіш оның халықаралық рейтингтегі орын жақсартуға мүмкіндік береді.

Сәнерке ХАСЕНОВА,
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті
Сурет облыс әкімдігінің сайтынан



ХАБАРЛАМА

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ төменде көрсетілген денсаулық сақтау ұйымдарына байқау кеңесінің мүшелігіне бос лауазымға орналасуға конкурс жариялайды.

Конкурсаты өткізу күні: 09.07.2026 жыл.
Конкурсаты өткізу орны: «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 2 үйі, 4 қабат, конференц – зал, телефон 8(7212) 559784.

1. Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Қазақстан көшесі, 97 үйі мекенжайы бойынша орналасқан «Шахтинск қаласының орталық ауруханасы» КМК байланыс телефоны 8(72156) 5-41-80. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімінің, сондай-ақ, мынадай талаптардың бірінің болуын қамтиды:

- денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және(немесе) бизнес және(немесе) құқық саласында кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің;
- денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және(немесе) экономика(немесе) бизнес және(немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.
- Байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлана алмайтын тұлғалар:
 - сотталғаны өтелмеген немесе алынбаған;
 - заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам

занды тұлғаның басшысы болған;

- бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы тұлға.

Құжаттар «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ № 14 кабинетке баспасөз басылымдарында хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн мерзімде ұсынылады.

- Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:
- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
 - 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндемесі;
 - 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
 - 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
 - 5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
 - 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;
 - 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген сотталуы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыныла алады.

Құжаттарды қабылдау күні 09.06.2026 жылдан бастап.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» объявляет конкурс на занятие вакантной должности в члены наблюдательного совета в нижеперечисленные организации здравоохранения.

Дата проведения конкурса: 09.07.2026 года.
Место проведения конкурса: ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области», город Караганда, улица Алиханова, дом 2, 4 этаж, конференц – зал, телефон 8(7212) 559784.

В КПП «Больница города Шахтинск» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Шахтинск, улица Казахстанская, дом 97, контактный телефон 8(72156) 5-41-80. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательные советы в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере здравоохранения, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

- наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и(или) экономики/финансы и(или) бизнеса и(или) права не менее пяти лет;
 - наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и(или) экономики/финансы и(или) бизнеса и(или) права на руководящей должности не менее трех лет;
 - членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и(или) экономики и(или) бизнеса и(или) права.
- В качестве члена наблюдательного совета не может быть избрано лицо:
- имеющее непогашенную или неснятую судимость;
 - являющееся руководителем юридического лица более одного года до принятия решения о

признании данного юридического лица банкротом;

- ранее совершившее коррупционное правонарушение;
- находящееся в отношениях близкого родства и свойства с другим членом наблюдательного совета или руководителем государственного предприятия.

Документы предоставляются в ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» в кабинет № 14, в течении тридцати календарных дней со дня опубликования объявления в периодических печатных изданиях.

Необходимые для участия в конкурсе документы:

- 1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
- 2) резюме на государственном и русском языках;
- 3) автобиография (в произвольной форме);
- 4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
- 5) копия документа о высшем образовании;
- 6) копии документов, подтверждающие трудовую деятельность, указанные в статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года;
- 7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Дата приема документов с 09.06.2026 года.
№124

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика+математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика+математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Цифрлық мемлекеттік басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география+математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география+шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылжытатуда және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесі заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы+адам, қоғам, құқық). Мем.лицензия: KZ55LAM0009976, «ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» 29.10.2025 ж. берген, тел.: 8 (7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

Қоянды жәрменкесінің жаңғырығы

(Соңы. Басы 1-бетте).

Мұнда 9 бен 14 жас аралығындағы жасөспірімдер қабылданып, бір маусымда 30-дан 100-ге дейін баланы қамтуға мүмкіндік бар.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев фестиваль алаңын аралап, қымыз өндірушілердің көрмесін тамашалап, әр өңірден келген шаруалардың өнімінен дәм татты. Қатысушылармен тілдесіп, қымыз баптаудың ерекшелігіне, өнім сапасына және ауылдағы кәсіптің дамуына назар аударды.

Қарқаралы ауданы әкімінің міндетін атқарушы Саят Мусиннің айтуынша, Қарқаралы үшін қымыз фестивалінің жосығы бөлек. Өйткені, аудан экономикасының шамамен 80 пайызы ауыл шаруашылығына тиесілі. Бүгінде өңірде 900-ге жуық шаруа қожалығы жұмыс істесе, соның тең жартысына жуығы бие сүтін өндіріп, қымыз баптаумен айналысады.

Қымыздың бабы сыналған күн

Фестивальдің өзегі – аймақаралық «Ең үздік қымыз» байқауы. Биылғы додаға әр өңірден келген 37 қымыз баптаушы қатысып, 30 тоннаға жуық ұлттық сусын әкелінді.

Байқауға қатысушылардың өнімдері алдын ала іріктеліп, сапасына ерекше мән берілді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, қымыздың тазалығы, табиғилығы және қауіпсіздігі басты назарда.

– Ең алдымен, байқауға ұсынылған қымыздың барлығы зертханалық тексерістен өтті. Әрбір өндірушінің өнімі жіті қаралды. Қатысушылардың барлығы – өз қолымен жылқы сауып, қымыз баптап отырған кәсіби шаруалар. Қымыздың тазалығына айрықша көңіл бөлдіді. Сараптама нәтижесінде ішек таяқшасы немесе өзге де жат бактериялар анықталған жоқ. Демек, өнімдердің таза әрі талапқа сай екеніне көз жеткіздік, – деді жобаның авторы Жұмажан Қалтаев.

Үздік қымызды анықтау үшін 8



ауданы, Саржал ауылындағы «Жаныс» шаруа қожалығының өкілі Алмағұл Қалдырова.

«Жаныс» шаруа қожалығы фестивальге тек қымыз өнімін ғана емес, ұлттық дүниетанымды танытатын мазмұнды көрме де алып келген. Жеңімпазға арнайы берілетін алтын торсық жәдігері көпшіліктің назарын аударды.

Фестивальдегі тосын өнімдердің бірі – қымыздан жасалған балмұздақ. Абай облысы, Семей қаласынан келген Айдын Серікқазыұлы ұлттық сусынды жаңа форматта ұсынып, қонақтарға өзгеше дәм татқызды. Оның айтуынша, бұл бағыттағы жұмыс 2019 жылдан бері қолға алынған. Бүгінде «Kaz Ice» атауымен танылған өнім қымыз бен саумал негізінде дайындалады.

– Қазір қымыздан және саумалдан жасалған балмұздақтың екі түрін шығарамыз. Әртүрлі жеміс-жидек қосу арқылы 18 дәм ұсынып отырмыз. Өнімдіміз еліміз бойынша 12 қалада сатылымға шықты. Алдағы уақытта көршілес Қырғызстан мен Ресей нарығына шығару бағытында

Ерғұлан мырзаның «Көкдауылы», Ақмола облысынан Бірлік мырзаның «Аққұсы», Балқаш қаласынан Ерлан мырзаның «Желбалағ», Астана қаласынан Мейрам мырзаның «Қараханы», Қарағанды облысынан Манас мырзаның «Көкқасқасы» бақ сынады. Кілең аңға түсіп, әккіленген, бабы мен бағы келіскен тазылардың жарысы көрерменге ерекше әсер сыйлады.

Ақтық сында Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Баубек ауылынан келген «Аққұс» есімді тазы алдына қара салмай, I орынды жеңіп алды. Астана қаласынан келген «Қарахан» II орынға тұрақтаса, Балқаш қаласынан келген «Желбалақ» үздік үштікті түйіндеді.

– Қуанышымда шек жоқ. Бағы мен бабы қатар келіскен небір жүйрік тазылардың алдын орау – біз үшін үлкен мәртебе. Бұл жарысқа ұтамыз деген нық сеніммен келдік. «Аққұстың» жасы екіде. Жас болса да, аңға түсіп, бабына келген тазы. Әкемінен қалған мұраны қаимен, жүректен жалғастырып келеміз. Енді осы дәстүрді өзіміз де болашақ ұрпағыма насихаттағым келеді, – деді жеңімпаз та-



тып, көрерменге нағыз бәсеке сыйлады. Жарыс қорытындысы бойынша I орынды Қарағайлы ауылынан келген «Jan Ali» ЖШС командасы жеңіп алды. II орын Қарқаралы көкпаршыларына бұйырса, III орынды Нұра ауданының командасы иеленді. Ал, төртінші орын Ақтоғай ауданының шабандоздарына берілді.

Қарқаралы баурайындағы көпшілік асыға күткен аламан бәйгеде еліміздің әр өңірінен келген жүйріктер бақ сынап, шабандоздар мен бапкерлер аттың бабы мен бағы қатар сыналар сәтте бар шеберлігін көрсетті.

Аламан бәйгеінің бас жүлдесі – Changan автокөлігі Алматы облысы, Балқаш ауданынан келген «Байқоңырға» бұйырды. Ат иесі – Сапарғали Сәтбаев, бапкері – Жамбыл Бөбекпаев. II орынды жерлесіміз Боран Тергеубековтің «Көкшоқайы» иеленсе, III орын Жамбыл облысынан келген, Әділет Ноқатайдің баптауындағы «Аврораға» берілді.

Төртінші орынды Қорлайдан келген жүйрік түйіндеді. Ал, үздік бестікті Қарқаралы ауданы, Сарыобалы ауылынан келген «Жібек» қорытындылады. Ат иесі – Ақтанділ Әскеров.

бағдарлама Қарқаралы өнер ұжымдарының концертіне, одан әрі республикалық және халықаралық деңгейдегі өнерпаздардың қойылымдарына ұласты. Тау баурайында әуелеген ән, күмбірлеген күй мен халықтық сарын думанның рухани ажарын аша түсті.

Мәдени бағдарламада Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткерлері Ардақ Балажанова мен Қайрат Баекенов, әнші-композитор Ұшкын Жамалбек, халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты Өзгеріс Шерікбай, сондай-ақ, «JOSHY» national qazaq group және «ARKAIYM» тобы өнер көрсетті. Бұдан бөлек, Қ.Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігі, «Арқа сазы» фольклорлық ансамблі, өңірдегі қалалық және аудандық мәдениет үйлерінің ұжымдары да көрерменге әннен шашу шашты.

Фестивальдің халықаралық мәдени бағдарламасы да мазмұнды

на, «Қасымов А.Т.» жеке кәсіпкерлігіне берілді. Оларға 1 миллион 500 мың теңге жұлде тапсырылды.

– Еңбегіміз ақталды. Қымыз өндірумен кезінде ата-анам айналысқан. Біз сол ата кәсіпті 17 жылдан бері отбасымызбен жалғастырып келеміз. Бастаған кезде бір ғана биеміз болған еді. Бүгінде шүкір, шаруамыз кеңейіп, қымызымыз елге танылып келеді. Әр өнімнің дәмі, тазалығы, бабына келуі, тіпті ұсынылу мәдениеті де өндірушінің атына сын. Биыл фестивальге 600 литр қымыз әкелдік. «Хан қымыз», «Сұлтан қымыз», «Құлын қымыз», «Бесті қымыз» секілді бірнеше түрін ұсындық. Әрқайсысының өз дәмі, өз бабы бар. «Хан қымызға» ту биенің қазысы қосылады. Бұл – дәмі қанық, нәрі мол, салмағы бар қымыз түрі. Ал, «Сұлтан қымыз» қойдың құйрық майымен бапталды. «Құлын қымыз» күнделікті ішуге лайық жеңіл әрі жұмсақ



адманнан құралған қазылар алқасы жұмыс істеді. Олардың қатарында биохимиктер, галымдар, қымыз зерттеушілері және қоғам өкілдері болды. Қазылар сусынның дәміне, бабына, табиғилығына, сақталу сапасына және ұсынылу мәдениетіне қарай баға берді.

Биылғы байқаудың тағы бір ерекшелігі – халықтық дауыс беру жүйесі. Ұйымдастырушылар бастапқыда дауыс беруді онлайн форматта өткізуді жоспарлаған. Осы мақсатта фестиваль аумағында арнайы интернет станциялары орнатылып, техникалық дайындық жүргізілген еді. Өйткенімен, Қарқаралыға ағылған жұрттың нөпірі қалың болып, байланыс желісіне түсетін салмақ артқандықтан, дауыс беру офлайн форматта, арнайы биолетень арқылы ұйымдастырылды. Әр көрермен өзіне ұнаған қымызға дауыс беріп, халық таңдауының нақтылануына үлес қосты.

Фестивальге былтырғы жеңімпаздар да арнайы келіп, биылғы қатысушыларға қолдау көрсетті. Солардың бірі – Абай облысы, Абай

да жұмыс жүріп жатыр, – деді Айдын Серікқазыұлы.

Ұлттық ойындар дүбірі

Түс ая Қарқаралы баурайындағы думанның қызуы ұлттық ойындар алаңында арта түсті. Танертеннен басталған көкпар, дәстүрлі садақ ату, аударыспақ, асық ату, бестас, тоғызқұмалақ, жамбы ату, теңге ілу секілді сайыстар фестивальдің ерек болмысын айшықтай түсті. Көпшіліктің делебесін қоздырған сайыстың бірі – тазы жарысы. Шырға тарту бәсекесін «Asyl qazanu» федерациясы ұйымдастырды. Аймақаралық фестиваль болғандықтан, жарысқа Қарқаралы ауданы мен Қарағанды облысының өзге өңірлерінен бөлек, іргелес аймақтардан да қатысушылар келді. Бас-аяғы 36 тазы бақ сынап, алты санат бойынша үздіктер іріктелді. Әр санаттан суырылып шыққан алты тазы ақтық кезеңде өзара мықтыны анықтады.

Финалда облыс намысын Нұрдулет мырзаның «Найза» есімді тазысы қорғады. Павлодар облысынан



зының иесі Бірлік Уәли.

Ұлттық ойындардың ішінде көкпар додасы да көпшіліктің назарын аударды. Жаңағегіз алаңындағы тартысты сында шабандоздар тақым күші мен аттың бабын қатар таны-

Өнер мен әнге ұласқан думан

Қымыздың бабы сыналып, ұлттық ойындардың дүбірі қызған фестиваль алаңы күні бойы ән мен күйге бөленді. Танертеннен басталған

ге табысталды. II орынды Қарқаралы ауданы, Токпан ауылынан келген «Токпан қымызы», яғни «Бақтияр» шаруа қожалығы иеленіп, 3 миллион теңге сыйақы алды. Ал, III орын Ұлытау облысының «Жаңаарқа» қымызы-

дәмімен ерекшеленеді. Сондай-ақ, тобылғымен ысталып, қаймақпен бапталған қою қымыз да көпшіліктің сұранысында, – деді жеңімпаз «Қарқаралы Ақтерек» брендінің негізін қалаушы Бұрхан Жолтай.

Ұлттық сусынды ұлықтауға үлес қосқан бірқатар шаруашылықтар арнайы номинациялар бойынша да марапатталды. «Алтын күбі» номинациясы Қарқаралы ауданының «Босағаның қымызына», «Айтжан» шаруа қожалығына берілді. «Алтын саба» номинациясын Қарқаралы ауданы, Жаңағегіз ауылынан келген «Құмыз Веко», «Байсейіт» жеке кәсіпкерлігі иеленді. Ал, «Алтын шара» номинациясы Қарқаралы ауданының «Sarybel» қымызына, «Шыныбай» шаруа қожалығына табысталды. Бұл аталымдардың әрқайсысына 500 мың теңгеден сыйақы берілді.

Байқауда дәстүр сабақтастығы мен өнімді ұсыну мәдениеті де назардан тыс қалмаған жоқ. «Дәстүр сақтаушы» номинациясын Қарағанды облысы, Шет ауданынан келген «Тағалы» қымызы, «220Vol» жеке кәсіпкерлігі иеленді. «Үздік дизайн» номинациясы Солтүстік Қазақстан облысынан келген «Ramadan Qumyz», «Құлболдина» жеке кәсіпкерлігіне бұйырды. Ал, «Қымыз серті» номинациясы Қарқаралы ауданының көпшілік ықпалына бөленген «Теректінің текті қымызына», «Мағұрыпова Г.М.» жеке кәсіпкерлігіне берілді. Бұл аталым иелеріне 300 мың теңгеден сыйақы тапсырылды.

Бұдан бөлек, «Нәтиже» сүт фабрикасының «Дам мен маркетинг» номинациясы бойынша бірнеше өндіруші ынталандыру сыйлығына ие болды. Номинация аясында Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданынан келген «Qага Kush», Қарағанды облысы, Нұра ауданынан келген «Ефремов» қымызы, Қарқаралы ауданынан келген «Жеке Батыр», «Еділ», «Erlan Fatm» және «Әжемнің қымызы» өнімдері марапатталды. Әрқайсысына 250 мың теңгеден сыйақы берілді.

Кешқұрым фестиваль мега-концертке ұласып, Қарқаралы аспаны әсем әуенге бөленді. Мыңдаған көрермен жиналған алаңда өнерпаздар халықтың рухын көтеріп, қымыз думанының мерекелік ажарын арттырды. Суреттерді түсірген

Александр МАРЧЕНКО

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparaq» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☒

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MKZTD200331,
БИК KСJZKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 108

№60 Тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқа» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды к., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор ЕРЖАНАТ КЕЧЕСБЕКҰЛЫ